ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Қыл өтпестей татулықты бір ашуға сатпас болар

(М.Әуезов)

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

АҚМЕШІТ жастары

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 17 (398)
29 сәуір, 2021 жыл

29 SÁÝIR – HALYQARALYQ BI KÚNI

Тұржан НҰРЛЫБЕКҰЛЫ, биші:

ӘР ЗАМАННЫҢ ӨЗІНДІК ТАЛҒАМЫ БАР

Би жай қимылдан тұрмайды. Әр қимылдың өзіндік мағынасы бар. Тіпті би өнері арқылы әр ұлттың тарихын, тұрмысын, салт-дәстүрін байқауға болады. Осындай нәзік, сыршыл өнердің қыр-сырын жетік меңгерген Тұржан Сұлтанбекпен халықаралық би күні қарсаңында сұхбаттасқан едік.

– Би әлеміне алғаш қалай келдіңіз? Бұл өнер сізді несімен қызықтырды?

– Кішкентай кезімнен бастап билегенді жақсы көретінмін. Мектеп кезінде арнайы брейк данс және хип-хоп би үйірмесіне қатысуға қатты қызығатын едім. Өкінішке қарай, ата-анам қатысуға рұқсат бермейтін. Одан қалды ол кездері ақшаның құны болғандықтан ба, 3000-5000 теңгені қалта көтермейтін еді. Сондықтан да өздігімнен үйрене бастадым. Би өнерінің әсіресе, заманауи бағытта өзінің арнайы стильдері бар. Біз еліктегіш халықпыз ғой. Жаңа әуен, би шықса да өзімізге икемдеп, құмартатынымыз. Мысалы, ата-анам 80-жылдары «ламбада» биін икеміне келтіріп, билеп үйренбейінше, дискотекаға бармайтынбыз деп айтып отырады. Негізінде солай әр заманның өзіндік талғамы мен сұранысы бар. Бүгінде жастар арасында кеңінен танылып жүрген заманауи биді көпшілік түсіне бермейді. Бірақ сыни пікірге қарамастан бұл биді халық бірте-бірте қабылдап келе жатқаны қуантады.

– Қай елдің биін билегенді ұнатасыз? Қанша ұлттың биін білесіз?

– Би – өнердің ішіндегі ең қиыны десек те болады. Шетел биін билегенді ұнатамын. Оның ішінде хип-хоп, дабстеп, таттинг, поппинг стильдерінде. Негізі мақтанғаным емес, кез келген биді таңдамай билей беремін. Ұлттық биге келсек, өзіміздің қазақ ұлттық биін және орыс халық биін білемін. Хип-хоп ішкі дүниенің іскерлігін, албырттылығын, жастардың жанданып, жанып тұрғанын танытса, брейк-данс спорттық үлгіге жатады.

– Бүгінгідей нарықтық экономика жағдайында хореография мамандығына қызығушылардың саны қанша?

– Хореография мамандығына түсу үшін ҰБТ-да маңызды 2 пән бар. Олар Қазақстан тарихы мен қазақ тілі, осы екі пән бойынша жоғары балл жинағандардың мемлекеттік грантты жеңіп алуға мүмкіндігі бар. Бұл екі пәнге қоса 2 шығармашылық емтихан тапсырады. Біріншісі – қазақ және халық биі, екіншісі – композиция және би қою қабілеті. Осылардың бәрінен жоғары балл жинаса, грант иегері бола алады. Ал сырттай оқуда арнайы орта оқу орнын бітірген түлектерге арналған қысқартылған оқу түрі ақылы. Онда 3 жыл оқиды. Қазіргі уақытта хореография мамандығына қызығушылар артуда. Хореография саласын біздің халық көбінесе менталитетіне жат санайтыны бар. Десе де, бұл да бір өнер екенін айтқым келеді. Өнер болғанда да ең нәзік те, сезімтал сала. Сондай-ақ бұл саланы жетік меңгерген жан ешуақытта жұмыссыз немесе қоғам назарынан тыс қалмайтыны тағы бар. Қазір жастарға арналған «Action» және «Orda drive» деген екі би үйірмесін аштым. Биге қызығушылығы жоғары 20-дан астам шәкірт тәрбиелеп жатырмын. Осы тұста көпшілік «биге қатысу үшін қандай талап қойылады» деп көп сұрайды. Шәкірттеріме қоятын басты талабым – ең алдымен тәртіп, тазалық. Сондай-ақ биге келгенде өзін еркін ұстап, ұялмау керегін түсіндіремін.

– Жалпы би өнерін үйренуге қанша уақыт кетеді? Биге икемі жоқ, бірақ биші болғысы келетіндер бұл саланы игеріп кете ала ма?

– Биші болу үшін талант пен еңбек қажет. Қанша жерден талантты болса да, әр биді меңгеру үшін еңбек қажет. Жалпы бишіге қажетті қимылдарды игеру әр шәкірттің қабілетіне қарай бағаланады. Негізінде бір жыл жеткілікті. Биге икемі жоқ болса, хореограф болып, осы саланы игеріп кетуі қиын. Би өнеріне қызығушы жастардың табиғи дарыны болуға тиіс деп ойлаймын. Себебі, би өнерінің биік шыңын нағыз таланттар ғана бағындыра алады. Әрине, ерінбей еңбектенгендері ғана. Тәрбиелеп жүрген шәкірттеріме сол бақытты тілер едім. Белгілі жырау Алмас Алматов ағамыз айтпақшы, әрбір өнер иесі «өнерге бір күнде келмегенін және бір күнге келмегенін» ұғынса, бағынбас биік, алынбас асу болмайды.

– Сахнада өнер көрсетіп жатқанда болған қызықты оқиғаңыз немесе естен кетпес сәтіңіз?

– Алғаш 2015 жылы «Action» заманауи би тобын құрдым. Сол кездері заманауи би топтары аз болатын. Топқа бірыңғай жігіттерді іздедім. Сөйтіп әрең дегенде 4-5 айда жігіттерді жинап, түрлі концертке дайындалып жүрдік. Тұрақты би залымыз да болмады. Қазан айында А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйіне би залын іздеп барғанбыз. Содан «Жұлдызды би алаңы» атты заманауи би сайысы қараша айында өтетінін естідік. Бір айдың ішінде тыңғылықты дайындалып, жарысқа қатыстық. Сайыста мықты үш топ болатын. Бірақ сайыс жеңімпазы бір топ қана. Сайыс нәтижесі жарияланатын тұста іштей қобалжыдық. Ең болмағанда сол сайыста үздік үштікке ілінсек деп қобалжыдық. Қатысушыларды алғыс хатпен марапаттап жатқан кезде, біздің топ өздеріне сенбегендіктен бе қатты уайымдады. Жүргізушілер «Action» би тобы дегенде қуанғанымыздан секіре беріппіз. Негізі сайыс шарты бойынша үш топ ғана жеңімпаз болу керек. Бірақ қазылар шешімімен біздің топты төртінші жеңімпаз команда ретінде қосқанын айтты. Сол би сайысындағы бастан өткерген сәттерім естен кетпейді.

– Би өнерінде қай мәселе сізді алаңдатады?

– Қазіргі таңда заманауи би, өкінішке қарай, қаламызда даму процесі өте төмен. Өйткені әлі де заманауи биге мән берілмей келеді. Дегенмен алдағы уақытта болашағынан үміт күттірер мықты бишілерді тәрбиелеп шығаруға болады.

– Әңгімемізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Айгүл ӘЛІШЕРОВА

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

«Ресей әлемде бірінші болып Ковид-19 мәйітіне аутопсия (аутопсия) жүргізді. Мұқият зерттеуден кейін ол Covid-19 вирус ретінде жоқ екенін, оның радиацияға ұшыраған және қанның ұюынан адам өліміне алып келетін бактерия екенін анықтады».

Вирустың өзі күніне мың құбылып тұрғанда, сағат сайын жаңаратын ақпаратты тұрғындар бір-біріне таратып, кәдімгідей сене бастаған. Әсіресе хабарлама соңындағы «Ақпарат көзі: Ресей Денсаулық сақтау министрлігі» деген жазуды оқығанда COVID жайлы екіойлы болып қалғанымыз бар. Бірақ...

Ақпараттың анық-қанығын білу үшін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ресми сайтына үңілдік. «ДДҰ коронавирустың (2019-nCoV) таралуына байланысты түсіндірме жұмыстары: мифтер мен қате түсініктер» атты мақаласында келесідей түсініктеме беріліпті:

ФАКТ: COVID-19-ды вирус тудырады. Бактерия емес

«COVID-19 қоздырғышы – коронавирус тұқымдасының вирусы. Антибиотиктер вирустарға әсер етпейді.

COVID-19 инфекциясын жұқтырған кейбір науқастарда қатар жүретін бактериялық инфекция асқынуларға әкелуі мүмкін. Бұл жағдайда дәрігерлер антибиотиктерді тағайындай алады.

Қазіргі уақытта COVID-19-ды емдеуге арналған дәрі-дәрмектер тіркелген жоқ». Бұл – коронавирустың бактерия емесін нақтылайтын бірінші дәлел.

Енді хабарламадағы мына жолдарға көз салайық:

«Бұл ақпаратты отбасыңызбен, көршілеріңізбен, таныстарыңызбен, достарыңызбен, әріптестеріңізбен бөлісіңіз, олар Ковид-19 қорқынышынан арылсын және бұл вирус емес, тек 5G сәулеленуіне ұшыраған бактерия екенін түсінсін. Иммунитеті өте төмен адамдар ғана сақ болсын. Жәбірленушілерге Аспирин 100 мг және Апроник немесе Парацетамол 650 мг қабылдауы керек».

Жоғарыда вирусты емдеуде антибиотиктердің әсер етпейтіні және COVID-19-ды емдеуге арналған дәрі-дәрмектің әлі де тіркелмегені айтылды. Ал 5G сәулелену жайлы ДДҰ келесідей уәж айтады:

ФАКТ: 5G ұялы байланыс желілері COVID-19-ды таратпайды

«Вирустар радио немесе жылжымалы толқындармен тасымалданбайды. COVID-19 эпидемиясы 5G желілері орналастырылмаған көптеген елде таралуда. COVID-19 ауа-тамшы жолымен беріледі, яғни науқастың тыныс алу жолынан шыққан тамшылар сау адамның тыныс алу жолына түскенде, мысалы, жөтелгенде, түшкіргенде немесе сөйлескенде жұғады».

«Қабынуға қарсы антикоагулянттарды ішіңіз (аспирин). Бұл ауруды емдеуге болатындығын көрсетеді.

Басқа ресейлік ғалымдардың айтуы бойынша, желдеткіш пен жансақтау бөлімі ешқашан қажет болған емес. Бұл туралы хаттамалар Ресейде жарияланған болатын. Қытай бұл туралы білген, бірақ ешқашан өз есебін жарияламаған».

Интернет желісі арқылы таралған осы хабарламаның жалған ақпарат екенін Reuters ақпараттық агенттігінің зерттеуінен де көруге болады. («Fact Check-COVID-19 does exist and autopsies in Russia did not show otherwise» мақаласы, 15 сәуір, 2021 жыл). Енді соған назар салсақ:

- Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы COVID-19 мәйіттеріне зерттеу жасауға 2020 жылдың қыркүйегінен бастап рұқсат берді. Ресейде ковид мәйіттеріне талдау жасайтыны рас, бірақ Ресей әлемдегі аутопсия жасаған жалғыз мемлекет емес (бұл мемлекеттердің қатарында АҚШ, Германия, Италия, Ұлыбритания бар).

- Сондай-ақ Ресей денсаулық сақтау министрлігінің сайтында COVID SARS-Cov-2 вирусымен шақырылатыны көрсетілген. Бұл «қоздырушысы вирус емес» деген ақпаратқа айқын дәлел. Ал қанның тромбқа айналуы – COVID-19-дың көп белгісінің бірі ғана.

- Сонымен қатар хабарламада аспирин және парацетамол дәрілерінің дозасы өте үлкен тәуліктік дозада көрсетілген. Бұл өз кезегінде бауыр ауруларына алып келуі мүмкін.

- Жан сақтау бөлімдері қажет болмады деген де жалған ақпарат. (Бұған дәлел ретінде Reuters сайтында жан сақтау бөлімінен суреттер көрсетілген.) Сонымен қатар коронавирус 5G жоқ елдерде де таралған, мұның өзі хабарламаның растығын жоққа шығарады. Ал антибиотиктер тек бактериалды инфекция асқынған кезде ғана қолданылады. Қалған кездерде ондай көрсеткіш тіркелмеген.

P.S. Желі арқылы әлемнің түпкір-түпкіріне таралған хабарламаның жалған екенін мамандар осылай дәлелдеген. Бұл бір ғана мысал. Соған қарағанда пандемия кезінде тек вирустан ғана емес, жалған ақпараттан да сақтанған жөн. Желідегі жазбаны таратпас бұрын рас-өтірігін тексеру ешқашан артық етпейді...

Baspasózge jazylý – 2021

6 айға – 2000 теңге

Газет индексі – 65425

40-11-10 телефонына хабарласып, үйден жазылуға болады.

Қызылордаға көкпар керек пе?

Қамқорлықтың жоқтығынан көсегесі көгермей тұрған ұлттық спорт ойынының бірі – көкпар. Өзге спорт түрлерінің мұрты майланып жатқанымен, өз өнеріміз өгей баланың санатында. Мемлекет тарапынан қолдау да жақсы дей алмаймыз. Көкпаршылар өз ынтасы мен сүйіспеншілігін серік етіп, сыныққсүйем алға жылжытуға тырысуда. 2005 жылдан бері Қазақстан біріншілігінен қалыс қалмай, аймақ абыройын қорғап жүрген Қызылорда көкпар құрамасының қазіргі ахуалы қалай, елдегі өгей спорттың өңірдегі жағдайы қалай? Тақырыпты тарқатып көрсек...

7

ПӘНДІК ОЛИМПИАДА БАСТАЛДЫ

Қазақстанның әр өңірінде республикалық пәндік олимпиаданың қорытынды кезеңі басталды. Білім сынағы 25-30 сәуір аралығында өтеді.

26-27 сәуірде олимпиаданың I және II кезеңдері ұйымдастырылады. Ал, апелляция 29 сәуірге жоспарланған. Олимпиаданың жабылу салтанаты 30 сәуірде онлайн режимде өтеді.

Елдегі індеттің өршуіне байланысты республикалық олимпиада «USTUDY» тестілеу орталығы базасында «Бір қатысушы, бір компьютер, бір камера» форматы бойынша жүргізілуде. Қатысушыларды отырғызу кезінде пәндері мен сыныптарды «араластыру» әдісі қолданылады. Орталықта барлық санитарлық талаптар сақталған. Білім сынағына 58 оқушы қатысуда. Олимпиада онлайн режимінде көрсетіледі, бейнебақылаудың сілтемелері «Дарын» РҒПО сайтында көрсетіледі. Олимпиада барысында ашықтықты қамтамасыз ету үшін барлық өңірлерде «Дарын» республикалық орталығының жауапты қызметкерлері қатысуда.

Сынақ тапсырмалары «Дарын» РҒПО интернет ресурсы арқылы әр кезеңнің басында бір уақытта ұсынылады және сол тапсырмаларға әрбір қатысушыға жеке қол жеткізу коды беріледі. Республикалық олимпиадада жеңімпаз атанған оқушылар ел намысын халықаралық олимпиадаларда қорғайды.

Айта кетейік, олимпиаданың облыстық кезеңіне барлығы 292 оқушы қатысты.

Жұмыссыздарды оқытады

Осы жылдың наурыз айынан бастап «Бастамаларды қолдау» қоғамдық бірлестігі «Келешек мамандықтары: Жұмыссыздық проблемасының шешімі» жобасын жүзеге асыруда.

Жобаның мақсаты – Қызылорда қаласындағы жұмыссыз жастар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарды еңбек нарығындағы сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті мамандыққа даярлау және оларды белсенді өмірлік ұстанымға тарту арқылы өнімді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу. Ол үшін қоғамдық бірлестік жоба шеңберінде 3 ай ішінде қысқа мерзімді кәсіптік оқыту арқылы еңбек нарығында сұранысқа ие IT-технология саласында 30 маман даярлауды жоспарлап отыр. Әрі қарай оларға кеңес беру арқылы қолдау көрсетпек.

«Пандемия біраз мәселені анық көрсетті. Соның бірі – жұмыспен қамту мәселесі. Соңғы кезде еңбек нарығындағы жағдай күрделі. Карантиндік шектеулерге орай жұмыс берушілер толық қуаттылықта жұмыс жасай алмай отыр. Офлайн қызметтердің басым бөлігі онлайнға ауысып жатыр. Осы жайттардың барлығын ескере келе біз «Келешек мамандықтары: Жұмыссыздық проблемасының шешімі» жобасын әзірледік. Жобамызға АҚШ-тың Халықаралық даму агенттігі (USAID) қаржыландыратын Орталық Азиядағы азаматтық қоғамды қолдау бағдарламасы аясында Еуразия қоры қолдау көрсетті. Нәтижесінде Қызылорда қаласындағы жұмыссыз азаматтарды оқытып, жұмыспен қамтуды көздеп отырмыз», – дейді «Бастамаларды қолдау» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Мәдина Төлепова.

Сәуір айында қоғамдық бірлестіктің ұйымдастыруымен алғашқы 12 жас SMM маркетинг бойынша курсты бастап кетті. Курсты ұйымдастыруға Qosyl қалалық жастар орталығы да әріптестік қолдау көрсетуде. Жастарға SMM-ның қыр-сырын қоғамдық бірлестіктің шақыртуымен белсенді жас, кәсіпкер Ботагөз Бақбергенова үйретуде.

«Қатысушылардың белсенділігі жоғары. Күн сайын жаңа трендтерді қатысушылармен бірге талқылап, қолдану тетіктерін үйретіп жатырмын. Болашақта өздері ашатын кәсібін, көрсететін қызметін кәсіби тұрғыда тұтынушыға ұсына алатын мамандар шығады деген сенімдемін», – дейді бизнес-тренер Ботагөз Бақбергенова.

Қоғамдық бірлестік алдағы уақытта графикалық дизайн, мобилография сияқты жаңа мамандықтарға да оқытуды көздеп отыр.

ЕРЛІГІМЕН КӨПКЕ ҮЛГІ

Отан алдында шын патриот болу үшін өзіңе артылған қызметті адал атқарудан бөлек, елді қорғаған аға буынды үлгі ету қажет. Сондықтан ел үшін ерлік көрсеткен батырлар өмірін кейінгі буынға жиі насихаттау маңызды.

Осы мақсатта ҰҚК шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің арнайы бөлмесінде «Кеплер ерлігі» бұрышы дайындалды. Атап айтсақ, Ұлы Отан соғысының ардагері, шекарашы Кеңесбай Қалиевка, Ауған жерінде ерлікпен күрескен интернационалист-жауынгер, «Қызыл жұлдыз» орденінің иегері Батыржан Шалғынбаевқа және қызмет барысында қаза болған басқа да әскери қызметшілердің құрметіне жолына арналған бұрыштар жасалған. Олардың өмірі мен ерлігі осы салада қызмет атқарып жүрген бір азаматқа үлгі.

Гүлмира ПІРІМЖАНОВА

ӘКЕЛЕР МЕКТЕБІ

Сырдария аудандық ішкі саясат бөлімінің қолдауымен, жастар ресурстық орталығы жанынан әкелер мектебі құрылды.

Мақсат – отбасылық құндылықтарды сақтау, әкенің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шарасын ұйымдастыруда ата-аналардың рөлін арттыру, тәрбие процесін ұйымдастыруда және басқаруда оқу орындарына көмек көрсету, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде мемлекеттік органдарға, ұйымдарға көмек көрсету және балалардың қауіпсіздігін сақтау шараларын ұйымдастыру.

Аудандық жастар ресурстық орталығының мәжіліс залында Әкелер мектебінің алғашқы отырысы өткізілді. Ұйым құрамына білім, спорт, мәдениет және журналистика саласының ардагерлері, аудандық мұсылмандар мешітінің бас имамы, полиция бөлімі, колледж оқытушылары және жергілікті кәсіпкерлер енгізілген.

Алғашқы отырыс барысында ұйымның құрамы мен ережесіне орай әкелер мектебі мүшелерінің ұсыныстары талқыланды. Ұйым жұмысының ауқымды екені айтылып, басқа салалардан да ардагерлер мен аға-буын өкілдерін қосу ұсынылды. Көпшілік қолдауымен әкелер мектебінің төрағасы болып спорт саласының ардагері, спортшылар династиясын тәрбиелеп келе жатқан медиатор Мектепхан Елеусінов сайланды. Сонымен қатар ұйым мүшелеріне атқарылатын жұмыстардың жоспары таныстырылды. Әр саладан жиналған ардагерлер, аға-буын өкілдері ұйым жұмысын дамыту мақсатында ұсыныстарын ортаға салып, талқылау жүргізді. Жиын соңында сөз алған әкелер мектебінің төрағасы Мектепхан Елеусінов: «Мені үлгі қылып, маған артқан сенімдеріңіз үшін алғысымды білдіремін. Жас ұрпақты отансүйгіш, адамгершілігі зор, елінің, жерінің азаматы етіп тәрбиелеуіміз керек. Сол үшін барлығымыз бірлесе жұмыс жасап, ұйым жұмысын жандандырайық», – деді.

БАҒДАРЛАМА ЭКОНОМИКАҒА ӘСЕР ЕТЕ МЕ?

Қызылорда көпсалалы «Ұлағат Қызылорда» колледжінде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының экономикаға тигізетін әсері» тақырыбында ғылыми-теориялық конференция өтті. Оған қаладағы 7 колледжден білім алушылар қатысты.

Мақсат – қала тұрғындарының өмір сапасын жақсарту. Мемлекеттік бағдарламаның 4 бағытын, жүзеге асыру кезеңдерін, өзекті мәселені талқылау, бағдарлама идеясын жүзеге асыру бойынша тәжірибе алмасу. Білім алушылардың ізденушілік-зерттеушілік құзіреттілігін дамыту. Конференция соңында Текей батыр Қарпықұлы атындағы колледждің студенті Д.Б.Жақсылықова I дәрежелі диплом, Болашақ жоғары колледжінің студенті Ш.Ж.Түлеуова II дәрежелі диплом, М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық жоғары колледжінің студенті Г.Мұстафаева III дәрежелі дипломмен марапатталды.

КАРАНТИН ТАЛАБЫН БҰЗҒАН

Қызылорда қаласында эпидемиологиялық ахуал күрделеніп тұр. Соңғы бес күнде тәулігіне 36-дан 44-ке дейін дерек тіркелуде. Соңғы аптадағы сырқаттанушылық көрсеткіші 63,4 пайызға жоғарылаған. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен онлайн брифингте Қызылорда қаласының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Ерлан Ұзақбаев мәлімдеді.

Қаладағы зертханаларда бір апта ішінде 1687 зерттеу жүргізілген. Яғни орташа есеппен тәулігіне 250-300 сынама алынған.

– Соңғы күндері қаламызда коронавирус инфекциясының таралуы белең алып отыр. Ауырған науқастар саны күннен-күнге көбеюде. Карантин шарасының күшейтілуіне қарамастан, кейбір тұрғындар қауіпсіздік шарасын сақтамай, адам денсаулығына қауіп төндіру жағдайы жиі кездесуде. Халықтың көптеп жиналатын жеріне бармау керек. Түрлі мереке мен той-томалақты өткізуді де тоқтата тұру қажет. Бұл індетті тек барлығымыз бірлесіп қана жеңетінімізді естен шығармауды сұраймын, – деді қаланың Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Ерлан Ұзақбаев.



Облыс орталығында карантин ережелерін сақтамай, айыппұл арқалағандар да аз емес. Мәселен, жыл басынан бері 72 дерек анықталып отыр. Сондай-ақ қалада 12 егу кабинеті бар. Жылжымалы егу пункттері де қаралған. Вакцинаның көлемі артқан кезде қосымша егу пункттерін ірі сауда орталықтарынан ашу жоспарлануда.

„СЫР ТҮЛЕГІ" – ЖЕҢІМПАЗ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде «6В032 – Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша XIII республикалық пәндік олимпиада өтті. Білім бәйгесіне 13 жоғары оқу орнының үздіктері қатысып, өзара бақ сынасты. Осы тартысты додада Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің "Сыр түлегі" тобы жүлделі II орынды еншіледі.

Топта журналистика мамандығында оқитын IV курс студенті Шернияз Жалғасбекұлы, II курс студенттері Азамат Абимолда пен Жәния Төребекова бар. Оларға қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының оқытушысы, әлеуметтік ғылымдар магистрі Гауһарай Есімова жетекшілік етті.

Таланттылар мен талаптылар сынға түскен тартысқа Атырау облысындағы майталман журналистер баға берді. Олардың қатарында «Егемен Қазақстан» газетінің Атырау облысындағы меншікті тілшісі Жолдасбек Көшербайұлы, «Qazaqstan» ұлттық телеарнасының Атырау облысындағы меншікті тілшісі Жандос Темірғали сынды белгілі, кәсіби журналистер бар. Әділқазылар алқасының төрағасы «Сарайшық» журналының бас редакторы Исатай Балмағанбетов болды.

Атырау атырабындағы аламан 4 кезеңді қамтыды. Алғашқы сайыста студенттер өздерін таныстырып, ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласындағы негізгі ойды басты назарға алып, бейнеролик әзірлеуі тиіс. Алғашқы турдың қорытындысы бойынша Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің топтары үздік деп танылды. Екінші турда студенттер өзінің жазу шеберлігін көрсетіп, эссе жазса, келесі кезеңде білім деңгейлерін анықтап, тест тапсырды. Ал қорытынды сайыста әр команда өздері шығарып, дайындаған газеттің PDF нұсқасын ұсынды. Соңғы кезеңде де «Сыр түлегі» тобы жоғары нәтиже көрсетіп, жүлделі орыннан бөлек, «Үздік басылым» номинациясына қол жеткізді.

Айта кетерлігі, жүлделі орыннан көрінген «Сыр түлегі» тобы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті тарапынан арнайы сертификаттар мен алғыс хаттарға және қаржылай сыйақыға ие болды.

ЖАСТАР САЯСАТЫНЫҢ ӨҢІРЛІК ТӨЛҚҰЖАТЫ ӘЗІРЛЕНУДЕ

Биыл жастарды толғандыратын өзекті мәселелерді анықтау мақсатында мониторингтік-талдау жұмыстары жүргізіліп, республикалық үлгіге сәйкес жастар саясатының өңірлік төлқұжаты әзірленуде. Әрі мемлекеттік бағдарламалардың жергілікті жердегі әкімшілерімен салааралық байланыс күшейтіліп, бірінші тоқсанда облыстық орталық 9 тараппен әріптестік меморандумға қол қойды. Аталмыш зерделеу жұмыстары нәтижесінде жас отбасыларды қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету, NEET санатындағы жастар санын төмендету бағытында бірқатар жұмыстар жасалады.

– Өздеріңізге белгілі, қоғамда жастардың рөлі зор. Биыл біз жастар арасында өзекті деп танылған 10 бағыт бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Оның ішінде жастарға бейресми білім беру, жұмысқа орналастыру, кәсіпкерлікті дамытуға жағдай жасау, қолжетімді тұрғын үй желісін дамыту, саламатты өмір салтын қалыптастыру, жастарды рухани-адамгершілік және отбасылық құндылықтарға тарту, сондай-ақ дарынды жастардың бастамаларына қолдау көрсету сынды істер бар, – деді облыстық жастар ресурстық орталығы КММ директоры Азамат Мукеев.

Айта кетейік, бүгінде NEET санатындағы жастар 8,3 пайызды құрап отыр. Алдағы 5 жылдықта 7 пайызға дейін төмендету жоспарлануда. Ол үшін облыстық жастар ресурстық орталығында NEET санатындағы жастармен жұмыс жасау жөніндегі арнайы бөлім құрылды және әрбір елді мекендерде адресатік жұмыстар күшейтілді. Бұдан бөлек биыл жастарды жұмыспен қамтуға «Жасыл ел» қатарында 1115, «Жас құрылысшылар» қатарында 300-ге жуық жасты еңбекпен қамту жоспарлануда.

Жалпы жыл басынан бері жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен түрлі бағытта 800-ге жуық шара өткізілді. Мәселен, «Облыстық волонтерлер фронт-офисінің» қатысуымен 1329 отбасыға азық-түлік, 105 отбасыға киім-кешек беріліп, демеушілердің қолдаумен 45 миллион теңгеге қаржылай көмек көрсетілді. Сондай-ақ бытпыр пандемия кезінде орталық мамандары мекемелердегі,

мұнай компаниялары мен кәсіпорындардағы істен шыққан ескі компьютерлерді жинақтап, IT парк мамандарымен бірлесіп қайта құрастырып, 300 компьютерді тұрмысы төмен отбасылардың балаларына ұсынды.

Бұдан бөлек, бүгінде жастардың бос уақытын тиімді өткізу үшін орталықтар тарапынан ақысыз негізде 12 үйірме жасауда. Үйірмелер жұмысына тұрақты түрде 1224 жас қатысады. Оның ішінде жайдарман, дебат, би, шахмат, видеограф үйірмелері мен ағылшын тілін оқыту курстары бар.

Бетті дайындаған: Мөлдір САБЫРЖАН

Статистикалық мәліметке сүйенсек, ел тұрғындарының 48 пайызы банк есігін мүлде ашпаған. Бұл бірақ қалған 52 пайыз халықтың қаржылай сауатты екенін білдірмейді. Себебі, көпшілігіміз қаржылық сауаттылық дегенде «Банк қызметкері емеспін, маған қажеті не?» деп қол сілтейтініміз бар. Осылай тірнектеп жиған қаржымызды есепсіз жұмсап жатырмыз. Осы мақсатта халық арасында қаржылай сауатты болуды, мемлекеттен берілетін салықтық жеңілдіктер мен кәсіп ашудың маңызы жайында Гүлнұр Нұрланқызымен тілдескен едік.

ДЕКРЕТКЕ МИЛЛИОНМЕН

Гүлнұр Шолпанқұл, «Жеке кәсіпкер 2.0» курсының авторы:

– Гүлнұр Нұрланқызы, бұл салаға қалай келдіңіз? Несімен қызықтырды?

– Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша аяқтадым. Алғаш жұмысымды бас салық инспекторы болып бастадым. Салық басқармасында жұмыс істеп жүргенде шағын кәсіп иелеріне кәсібін жүргізуге, қарапайым халыққа кәсібін бастауда білім мен қаржылық сауаттылық жетпейтінін байқадым. Халық «Жеке кәсіпкер» деген сөзді салық деп түсінетін. Соның салдарынан кәсіп бастаса да ешқайда тіркелмей, көлеңкелі экономикада қалып қоятын. Негізінде жеке кәсіпкер болып заңды тіркелу қиын емес. Әрдайым айналадан үрейленбей, кәсіпті сауатты жүргізу әлдеқайда жеңіл. Осы мақсатта алғаш инстаграм парақшада арнайы сабақтар жүргізе бастадым. Көпшілікке ұнап, сұраныс артты. 2019 жылдан бері 2000-нан аса жеке кәсіпкер бухгалтериялық есебін дұрыс жүргізуді, артық салық пен айыппұл төлемеудің жолын үйренді. Қазір "Жеке кәсіпкер 2.0" атты авторлық курсым бар.

– Есеп-қисапты онлайн түсіндіру қиын емес пе?

– Мен бұл тақырыпта парақша жүргізе бастағанда күйеуімнің оқуымен АҚШ-та болатынбыз. Уақыт айырмашылығы бар, қолымда 4 айлық қызым, жанымда көмектесетін ешкім жоқ. Сондықтан курс жүргізу, сабақ өткізу туралы ой болған жоқ. Тек жазба жазып жүрдім. Декреттік төлемдер туралы постым халық арасында кең таралды. Сұрақтар өте көп келетін. Тіпті жауап беріп үлгермейтінмін. Содан арнайы курс жүргізуді қолға алдым. Күн санап қатысушылар саны артып, әрі қарай түрлі курстарға жалғасып кетті. Бәрі сұраныстан басталды деуге болады. Қазір де солай. Келесі курстың тақырыбын оқырмандарым өздері айтады. Ал онлайн сабақ жүргізу тиімді. Сабақ парақшамда сақталады. Курсқа қатысушылар өзіне жүктеп, кез келген уақытта көре алады.

– Жалпы кәсіп бастағысы келетіндерге қандай кеңес бересіз?

– Бұрын жеке кәсіпкердің көбі ресми тіркелмей, салықтан қашып, көлеңкеде қалатын. Осылайша кәсіпкер өз құқын шектейтінін байқамайтын. Сондықтан қорықпай, кәсіпкер ретінде ресми тегін тіркелу қажет. Қазір кәсіпкерлерге барынша жағдай жасалғаны соншалық, касса аппаратын телефонға қосымша ретінде орнатуға болады. Одан қалды, табыс салығынан 2023 жылға дейін шағын бизнесті босатты. Салық есептілігі де жарты жылда бір рет тапсырылады. Көріп тұрғаныңыздай, көп нәрсе жеңілдетілген. Сондықтан «кім, қашан тексеріп келеді екен» деген уайымнан арылыңыз.

– Көпшілік «Жеке кәсіп ашқан соң оны жабу қиын» деп ресми тіркелгісі келмейді. Расында да солай ма?

– Қазір жеке кәсіп ашу да, жабу да қиын емес. Жеке кәсіпті 5 минутта ашуға болады, жабу сәл ұзақтау, яғни 15 жұмыс күні қажет. Екеуі де тегін, көп құжат қажет емес. Бір өтінішпен ашылады, жабылады. Тек бір ескеретін жайт, кәсіпті жүргізу барысында есепті кеш тапсырып жүрсеңіз, салықты, басқа да әлеуметтік төлемдерді төлемей қойсаңыз, әрине жабу қиындайды. Сондықтан бәрін заңға сәйкес орындау керек.

– Белгілі кәсіпкерлер «Қаржысыз кәсіп бастауға болады» дейді. Сіз мұнымен келісесіз бе?

– Әрине, мәселе ақшада емес. Бастысы, кәсіп жүргізудің жолы, яғни білім керек. Аз ақшамен немесе ақшасыз шағын кәсіп бастап, тәжірибе жинақтап, қаржы көлемін арттыруға болады. Мысалы, өзім 2016 жылы балалар киімін сатуды ақшасыз бастағанмын. Инстаграмда парақша ашып, суретін көтердім. Тапсырыс қабылдап, ақшасын алған соң ғана киімге тапсырыс беретінмін. Осылай табысымды 500 мыңға жеткіздім.

– Аналарға арналған «Декретке миллионмен» сабағыңыз сұранысқа ие. Қалай миллионер болуға болады?

– Жеке кәсіпкер деген арнайы курсымда аналардың декретке шығу тақырыбына тоқталамын. Себебі, халық арасында мұны жалған кәсіпкерлік деп түсініп кеткендер болды. Негізінде декреттік төлем – әлеуметтік сақтандыру қорына жасалған аударымнан төленеді. Оны жеке тұлға өзіне төлей алмайды. Тек жұмыс беруші қызметкері үшін төлейді немесе жеке кәсіпкер өзіне аударады. Сәйкесінше, тұрақты жұмысы жоқ адам, ИП арқылы аударым жасай алады. Бірақ мұнда да ИП тіркеу үшін шыныменен кәсіп болу керек. Кәсіп болмай, ИП тіркеу алаяқтыққа жатады. Егер заңды кәсіпкер ретінде тіркеліп, әлеуметтік сақтандыру қорына аударымның мөлшерін көбейтіп, декретке миллионмен шығуға болады. Жалпы аналарға декретке миллионмен шығуды түсіндірудегі мақсатым – көп жағдайда әйелдер декретте өзін жоғалтып алады. Яғни декретті дағдарыс деп қабылдайды. Негізінде тарихта декретте отырып дамыған әйелдер жетерлік. Мысалы, Джой Мангано үшінші баласын босанғаннан кейін баламен бірге жүріп, еден жуудың қиындығын түсінеді. Содан өзі сығылатын швабра ойлап табады. Оған инвесторлар тартады. Бірақ бастапқыда сауда онша жүрмейді. Сонда да талай табалдырықты тоздырып, жарнама жасайды. Сондай бір жарнамадан соң, саудасы жүріп, швабралар сатып, 3 млрд доллар табыс табады. Қазір оның үйге арналған ұсақ түйек шығаратын компаниясы бар. Сондықтан декреттік демалысқа шыққан аналар миллионмен кез келген кәсіпті бастай алады.

– Зейнет жасына жақын қалғандар соңғы 3 жылда зейнетақысына қомақты қаржы аударып, көлемді зейнетақы алуға болады дейді. Бұл қаншалықты рас? Зейнетақыны көбейтудің жолы бар ма?

– Жалпы зейнетақы адамның жұмыс өтіліне, зейнетақы қорына жасалған аударым сомасына қарай есептеледі. Сонымен қатар ынтымақтық зейнетақыны есептеу үшін кез келген 3 жылдың жалақы мөлшерін есепке алады. Сол орташа жалақыны көбейту мақсатында соңғы 3 жылда аударымын көбейте бастайды. Бірақ ол тек жалақы мөлшеріне ғана емес, сонымен қатар жұмыс өтілі мен зейнетақы қорына жасалған аударым сомасына да тікелей байланысты екенін ұмытпау қажет.

– 2021 жылы салық саласында қандай өзгерістер болды? Оның ішінде кәсіпкерлерге қандай жеңілдік бар?

– Биыл салықтық төлемге көп өзгеріс енгізілді. 2020 жылы енгізілген шағын және орта бизнесті табыс салығынан және салықтық тексеруден босату мораторийі биыл да жалғасын тапты. Сонымен қатар кәсіпкерге қатысты жаңашылдық – бөлшек сауда салығы арнайы салық режимінің енгізілуі. Ол экономиканың пандемиядан қатты зардап шеккен секторына қолжетімді болады. Бұрын жалпыға бірдей салық режиміндегі заңды тұлғалар 20 пайыз, жеке кәсіпкерлерге 10 пайыз табыс салығын төлеу қажет еді. Ал жаңадан енгізілген салық

түрі жалпы түсімнің 3 пайызын төлеуге міндеттейді. Оған қоса, арнайы режимді таңдаған салымшыларға қосылған құн салығынан және әлеуметтік салықтан босату түрінде жеңілдіктер қарастырылған. Жеке тұлғаларға да қатысты өзгерістер бар. Енді көлік салығы әр жылдың 1 сәуіріне дейін төленуі тиіс. Сонымен қатар көп пәтерлі тұрғын үйге қарасты жер салығы жойылды.

– Салық басқармасы тарапынан салынатын айыппұлдардан қалай қорғанамыз?

– Біріншіден кезекте, заңға сай жұмыс істеу. Көпшілік біле тұра, байқамай қалар деген үмітпен заңды сақтамайды. Екіншіден, салық басқармасымен байланыста болу. Үшіншіден, қандайда бір заңбұзушылыққа бірден айыппұл салмайды. Мұны естен шығармаңыз. Бірінші ескерту жасайды және дәл сол заңбұзушылық бір жылдың ішінде қайталанған жағдайда ғана айыппұл салынады. Сондықтан бірден айыппұл салады деп қорқудың қажеті жоқ. Төртіншіден, айыппұлдың себебін, ол қай бапқа сәйкес екенін анықтап, сол баппен танысқан жөн. Салық инспекторы да адам, ол қателесуі мүмкін. Сол себепті бәрін талқылап, ойыңызды дәлелдеуден қорықпаңыз. Сіздікі дұрыс емес болған күннің өзінде, заңды түсініп, бұл қателікті қайта қайталамауға мүмкіндік береді.

– Көпшілік біле бермейтін салықтық, кәсіптік жеңілдіктер бар ма? Бір-екеуіне тоқталсаңыз?

– Жеке тұлғалардың табыс салығына қатысты салықтық жеңілдіктерге тоқтала кетейік. Табыс салығын есептегенде біраз шегерімнің түрлері бар. Жеке тұлғаның айлығынан шегерім жасалып, содан кейін ғана табыс салығы есептеледі. Мысалы, «Отбасы» банктен алынған ипотека бойынша негізгі қарыз шегерімге жатады. Сол сияқты ақылы медициналық қызмет алынған жағдайда шегерім жасап, табыс салығын азайтуға болады.

– Биыл жылжымайтын мүлікті сатқан жағдайда 10 пайыз салық төлеу міндеттелінті. Жалпы бұл салық қандай мақсатта енгізілген?

– Жылжымайтын мүлікті сатуды екіге бөліп қарастырамыз. Егер сатып жатқан үйіңіз, пәтеріңіз сіздің иелікте 1 жылдан аз уақыт болса және сатқан бағаңыз сатып алған бағадан жоғары болса, 10 пайыз табыс салығы төлену керек. Коммерциялық жылжымайтын мүлік болса, иелік ету мерзімі маңызды емес. Иелігіңізде 5 жыл болған болса да, сату сомасы сатып алған сомасынан жоғары болса, табыс салығы төленеді. Егер ол мүлік сыйға берілсе, өзіңіз салып, құны белгісіз болса, нарықтық құнды анықтау керек. Яғни бағалаушы компанияға жүгінесіз. Табыс сол бағалау мен сату бағасының айырмасы болады. Мысалы, мүлік 20 млнға бағаланса, сіз оны 25 млнға сатсаңыз, 5 млн табыс, оның 10 пайызы 500 мың теңгені табыс салығын төлейсіз.

– Әңгімеңізге рақмет.

NEWS FINANCE

FORBES ТІЗІМІНЕ ЕНГЕНДЕР

Forbes журналы әлемдегі ең бай адамдардың тізімін жариялады. Биылғы ерекшелік, әлемдегі миллиардердің саны – 2755 адамға жеткен. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 660 адамға көп. Сондай-ақ тізімге енген қазақстандық кәсіпкерлердің де қарасы қалың.

Мәселен, Вячеслав Ким әлемдік рейтингте 622-орынға ие болды. Forbes оның байлығын 4,6 млрд долларға бағалаған. Бір жылда ол 900 млн доллар пайда тауып, еліміздегі ең бай адамдардың көшін бастады. Сондай-ақ бұл тізімнен қалыс қалмайтын Болат Өтемұратов биыл рейтингте 891-орында. Оның байлығы – 3,4 млрд доллар. Ол бір жылда 700 млн доллар табыс тапқан. Ал Kaspi.kz-тің негізін қалаған Владислав Ким мен Михаил Ломтадзе тізімде 925-956 орында. Одан кейінгі 1111 орын Тимур мен Динара Құлыбаевтар еншісінде. Әрқайсысының байлығы – 2,8 млрд доллар. Сонымен қатар Forbes рейтингіне алғаш рет Freedom Finance компаниясының акционері Тимур Турлов енді. Ол 1517-орынға ие болды. Оның байлығы – 2,2 млрд доллар.

Аллауыт Amazon компаниясының негізін қалаушы, америкалық кәсіпкер Джефф Безос әлемдегі ең бай адам атанды. Оның байлығы – 177 млрд доллар. Ол бір жылда 64 млрд доллар пайда тапқан. Қор биржаларындағы акцияларды өсуі нәтижесінде Илон Маск 31-інші орыннан 2-інші орынға көтерілген. Оның байлығы – 151 млрд доллар. Ол бір жылда 126,6 долларға байыған.

ÓZIŃDI TEKSER

ҚАРЖЫЛЫҚ ТЕСТ: ҚАЙ ЕСІКТІ ТАҢДАЙСЫЗ?

Ұсынылған нұсқалардың бірін таңдап, қаржылық сипаттамаңызды анықтаңыз.

Бірінші есік

Ақшаңыздың белгілі бір сомасы банкте тұрмаса, өзіңізді толыққанды адам ретінде сезіне алмайсыз. Ақшаға құндылық және жетістік нышаны ретінде қарайсыз. Иә, көп ақша табу үлкен мүмкіндіктер беретіні анық, алайда қаржылық жетістікке шамадан тыс шамен байланыстыратын негізгі эмоция. Сіз тым көп ақша жұмсаймын деп мазасызданасыз және қандай да бір қаржылық тәуекелге барғыңыз келмейді. Бұл кейде қажет дүниелердің өзін сатқыңнен сатып алуыңызға тура келеді. Сізге қазіргі қаржылық жағдайыңызды толық

көңіл бөлу біртіндеп табыстың төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Екінші есік

Көп ақша барлық мәселеңізді шешетініне сенімдісіз. Кейде өзіңіз де қолдағы ақшадан тым көп қаржы жұмсайсыз. Сәйкесінше, қарыздарыңыз да бар. Кімге, қанша қарыз екеніңізді және оны қалай қайтаратыныңызды жоспарлап көріңіз. Қарыз ала беру тоқырауға алып келетінін ескермейсіз.

Үшінші есік

Қорқыныш – сізді ақ- түсініп, шығындардың алдын алуды жоспарлап үйрену керек.

Төртінші есік

Мәселе ақшаға келгенде сіз аса сенімсіз болып кетесіз. Кез келген қаржылық ақпаратты достармен, тіпті жұбайыңызбен онша бөліскіңіз келмейді. Бәлкім, ақшаны үйде сатқу банкте сақтаудан артық деп есептейсіз. Қаржыға байланысты осындай күдік пен сақтық қаражатты тиімді пайдалануға кедергі келтіреді.

ЕЛБАСЫ БЕЙНЕЛЕНГЕН МОНЕТА

Елімізде 28 сәуірден бастап «Qazaqstannyń astanasy – Nur-Sultan» атауымен Нұрсұлтан Назарбаев бейнеленген коллекциялық монеталар сатылымға шығады.

«Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясы аясында шығатын монеталарды kazcoins.nationalbank.kz сайты арқылы сатып алуға болады. Номиналы 1 000 теңгелік монетаның салмағы - 62,2 грамм. Материал массасы 46,2 грамм 925/1000 сынамалы күміс, массасы 16 грамм 999/1000 сынамалы алтынның құрамдас бөлігі. Шығарылатын монеталардың жалпы саны 1 000 дана.

– Монеталарды Қазақстан Республикасы бойынша төлемдердің барлық түріне қабылдауға, банк шоттарына есепке алуға, аударуға және айырбастауға болады. Монета кәдесый орамда шығарылады және Қазақстан Ұлттық Банкінің мемлекеттік тілдегі, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

ҚАНДАЙ БАНКНОТТАР ҚОЛДАН ЖАСАЛАДЫ?

Елімізде банкноттар арасында 2000 және 5000 теңгелік ақша жиі қолдан жасалады, деп хабарлайды Ұлттық Банктің баспасөз қызметі.

2019 жылмен салыстырғанда, Ұлттық Банк пен екінші деңгейлі банктер анықтаған жалған ақшалар көлемі былтыр 38 пайызға азайды және 823 жалған банкнот пен монетаны

құрады. Төмендеуге әсер еткен негізгі себеп – қазіргі карантиндік шаралар мен шектеулер. Өйткені қолдан ақша жасайтындар әдетте жалған ақшаны базарларда, жанармай құю бекетінде және шағын азық-түлік дүкеніне өткізіп жібереді. Қолдан көп жасалатын ақшаға 2 000 және 5 000 теңгелік банкноттар жатады. Жалған банкноттардың көп бөлігі Алматыда, аз мөлшері еліміздің батыс өңірінде анықталды.

ҚАРА ТІЗІМДЕГІЛЕР НЕСИЕ АЛАДЫ

Елімізде несие тарихы нашар қарыз алушылар үшін жаңа механизм 8 сәуірден бастап іске қосылады. «Қара тізімге» енген азаматтар арнайы базадан мәліметтерді жойып, жаңа несие рәсімдей алады. Қайтару уақыты 90 күннен асқан несие «қалыпқа келтірілді» деген мәртебе алады. Ол үшін несие жабылған кейін 12 ай өтуі керек және басқа бұзушылар болмауы керек.

– Мәртебе азаматтардың банктер мен басқа да несие беру ұйымдары алдындағы міндеттемелерін адал орындауының дәлелі болады. Қандай да бір құжаттар талап етілмейді. Рәсім мерзімі өткен борышты өтегеннен кейін 12 ай өткен соң және осы кезеңде өзге мерзімі өткен қарыз болмауы ескеріледі, – деді Қаржы реттеушісі төрағасының орынбасары Нұрлан Әбдірахманов.

Елімізде осы уақытқа дейін «қара тізімге» енген азамат-

тарға несие берілмейтін. Ал ішінара өтелген қарызы бар азаматтардың жағдайы ескеріліп, оларға ыңғайлы төлем мөлшерімен жаңа кесте ұсынылады. Қазірдің өзінде 1500 адам несие тарихының жаңарғанын Бірінші кредиттік бюродан Egov.kz сайты арқылы жылына 1 рет тегін көруге болады.

Бетті дайындаған: Айгүл ӘЛІШЕРОВА

"AIQAP" – 110

«Айқап» – алғашқы қазақ басылымы

XX ғасырдың бас кезі қазақ қоғамы үшін рухани тұрғыда жаңа кезеңнің бастауы іспетті. Екі ғасырға жуық уақыт бойы «бұратана» халық болып келген Алаш жұрты отарлаушы үкіметтің айтқанына көніп, айдағанына жүріп, өз ана тілінен, дінінен, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан айырылудың аз-ақ алдында қалған-ды. Қазақ халқының осы бір рухани құлдырау кезеңінде қайта серпіліс жасап, оянуына мүмкіндік берген тарихи оқиға Ресейдегі 1905-1907 жылдардағы революция болды. Бұл оқиға қазақ елін дүр сілкінтті. Қалың ұйқыда жатқан жұрт бас көтерді. Оң-солын енді ғана айырған қалың ел отарлық езгіге, озбыр үкіметке қарсы тұра бастады. Ел басында жүрген алаш зиялылары бұл сәтті ұтымды пайдаланып, ұлттың туын биік көтеріп, халықты бір мақсат жолында топтастыра білді. Сол алмағайып заманда «газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп ұққан қазақ оқығандарының ел болашағы үшін маңызды деп тапқан қадамдарының бірі баспасөз қызметін қолға алу еді. Осылайша қазақ даласында алғаш рет «Айқап» журналы жарық көрді.

Алғаш рет 1911 жылы 10 қаңтарда Тройцк қаласында «Айқап» журналының шығарыла бастауы қазақ қоғамы үшін айтарлықтай прогресс болды. Тәуелсіз ел құру жолында қаншама жылды жоғалтып алғанын, білім мен мәдениет саласынан артта қалушылығын жеткізетін ұлттың жанайқайы «Әй, қап» деген ауыр өкінішті білдіретін бір ғана сөзбен беріліп, дәл осылай журналдың атауы қалыптасқан. Басы-қасында көзі ашық, көкірегі ояу қазақ жастары еңбек еткен бұл журнал кейінгі жылдардағы әртүрлі тарихи оқиғаларға байланысты ең өзекті мәселелерді көтерді. Атап айтар болсақ, қазақ жерін әкімшілік аймаққа бөлу туралы уақытша ережелерге, сот істеріне, халықтың шаруашылығы мен кәсіпорындарды дамытуға және саяси билік пен Думаға қатысты мәселелерді қамтыған салмақты мақалаларды журнал бетіне жариялады. Одан бөлек, аталмыш журнал Абай мен Шоқан, Ыбырай салған сара жолды жалғап, оқу-ағарту тақырыбына да ерекше мән берген. Сол кездегі жас ақын, жазушылардың шығармаларын, оның ішінде М.Дулатовтың, М. Жұмабаевтың, С.Торайғыровтың, Б.Қаратаев пен Ғ.Қарашев сынды қайраткерлердің гуманистік бағыттағы шығармаларын журнал бетіне басу арқылы қалың бұқараның сауатын ашуға, қоғамдық қайраткерлер тобының қалыптасуына үлес қосты.

Осы жылы қазақ баспасөзінің жарқын жұлдызы «Айқап» журналына – 110 жыл! Сол замандағы қоғамдық қысымның күші басым сұрқия саясатқа қарамастан халықтың жоқ-жітігін жасқанбай жаза білген, қазақ халқын саяси сауаттылыққа шақырған Мұхамеджан Сералин, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов сынды ұлы тұлғалардың қаламының сиясы тамған журналды өз деңгейінде бағалау керек. Өткір де өзекті мәселелерді бар ақиқатымен анық жазып, тәуелсіздікті жақындатқан «Айқап» журналының деңгейіне теңесер басылым бар ма қазір?

Шұғыла ӘЛИ

Аймақта «Covid-19» инфекциясына қарсы вакциналау жұмыстары қарқынды жүруде. Екпе салдыруға ниет білдірушілер саны күн санап артып келеді. Осы мақсатта облыс бойынша барлығы 32 егу кабинеті, 23 жылжымалы топ бригадасы ұйымдастырылған. Енді вакцинация жұмыстары халыққа қолжетімді болу үшін қосымша театр, базарлар мен сауда орталықтарында жүргізіледі. Бұл жөнінде облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы С.Пазылов мәлімдеді.

Індетті жеңудің жолы – вакцина салдыру

Қазіргі таңда облысқа 36200 вакцина жеткізілген. Оның 34200-і «Спутник V» вакцинасы, 2000-ы «QAZVAC» коронавирусқа қарсы екпесі. «Спутник V» барлық аудандарға бөлінсе, «QAZVAC»-пен егу әзірге қалада жүргізілуде.

«Спутник V»: вирустың өзгертілген түрі бар

– «Спутник V» – вирус векторынан тұратын вакцина. «Спутник V» респираторлық жұқпалы ауру тудыратын аденовирустар негізінде әзірленген.

Демек, бұл екпеде басқа вирустың өзгертілген түрі бар. Өзгерген вирус генетикалық материалды адамның жасушасына жеткізеді. «Спутник V» екпесінде адамда ЖРВИ, конъюнктивит және гастроэнтерит тудыратын аденовирустар қолданылады (кейбір екпелерде пневмония және қызылша тудыратын аденовирустар пайдаланылады).

Екпеде вектор ретінде қолданылатын вирус ауру тудырмайтындай етіп өзгертіледі. Вектор көзделген вирустың генімен бірге егіледі. Covid-ке қарсы вакцинада бұл ген жасушаға тікен пішінді ақуыз қалыптастыруға көмектеседі. Бұл ақуыз коронавирустың қабығындағы ақуызға ұқсайды.

Адамға екпе салынғанда, вектор адам жасушасына енеді. Ал жасуша тікен пішінді ақуыз шығарады. Иммундық жүйе тікен пішінді ақуызды байқаған сәтте бірден антиденелерді өндіре бастап, ағзадағы өзге де иммундық процестерді іске қосады. Сөйтіп ағзаға вирус түскенде иммундық жүйе тойтарыс беруге дайын тұрады.

«QAZVAC» вакцинасы мұздатуды қажет етпейді

– Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін халықты жаппай вакцинациялауды қамтамасыз ету үшін Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының базасында қазақстандық вакцинаның QazCovid-in (QAZVAC) алғашқы партиясы шығарылды. Қазақстан вакциналар өндірісін іске қосқан және вакциналарды шығарудың толық циклін әзірлеуден бастап қолдануға дейін өз бетінше игерген әлемнің 10 елінің қатарына кіруде. Бұл – үлкен жетістік.

Отандық вакцинаны алғашқылардың бірі болып Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой салғызды.

«QAZVAC» вакцинасы екі дозалы вакцина және бір ампула бір адамға арналған. Отандық вакцина мұздатуды қажет етпейді, бұл екпе +2-ден 8 градусқа дейінгі температурада сақталады.

Науқастарды емдеп жазу біздің міндетіміз болса, вирусты неғұрлым жұқтырмай сақтану әрбір тұрғынның міндеті деп білемін. Ал сақтық шараларын күшейте отырып, індетті жеңудің бірден-бір жолы – вакцинациялау, – дейді С.Пазылов.

Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ

Шу неден шықты?

Естеріңізге сала кетсек, Түркістан облысының тәртіп сақшылары Қызыл кітапқа енген алты қызғалдақты жұлған ер адамды ұстады. Тәртіп бұзушыға 3000 АЕК көлемінде айыппұл салынуы мүмкін деді. Ал бұл 8 миллион теңге көлеміндегі ақша.

«Мысалы, бап санкциялары 3000 АЕК (8 миллион 751 мың теңге) мөлшерінде айыппұл салу, не сол мөлшерде түзеу жұмыстары, не 800 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны көздейді. Үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу, сондай-ақ мүлікті тәркілеп, бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, сол мерзімге бас бостандығынан айыруы мүмкін», – деді полиция қызметкерлері.

Полицияның мәліметіне сүйенсек, қызғалдақты жұлған ер адамды тәртіп сақшылары Ақбастау ауылы маңында байқап қалған. Тәртіп бұзушы бөлімшеге жеткізіліп, жұлынған гүлдер сараптамаға берілген. Нәтижесінде "Сайрам-Өгем" мемлекеттік табиғи саябағы өкілдері қорытындысына сәйкес, жұлынған гүлдер – Қазақстанның Қызыл кітабына енген Грейн қызғалдақтары, – деді ведомство өкілдері.

Ал енді әлеуметтік желіде тараған бір видеода сол қызғалдақты жылқының жеп жатқаны көрсетілген. "Ал енді 9 миллион айыппұлды жылқыға салып көріңіз" деп жазба қалдырған автор. Расында қызыл кітапқа енген гүлді жұлуға болмайды екен, онда түсіндірме жұмыстарын күшейтсін. Қарапайым халықтың қалтасын қағудан басқа да тіршілік бар шығар.

"Қызғалдақ жұлған азамат 9 миллион теңге емес, 9 мың теңге шамасында айыппұл төлейді" деген ақпаратты сайттардан көзіміз шалып, бір қарап шықтық.

Рас, қызғалдақ – жұлынуға болмайтын гүл. Ол қызыл кітапқа енген, сақталуы тиіс өсімдіктің біріне жатады. Десе де қызғалдақты жұлып, онымен бірге суретке түскен бұл бірінші де соңғы адам емес. Ол гүлді не анасын, не келіншегін қуанту үшін жұлған шығар бәлкім. Әйтпесе 9 миллион теңге бір емес, бірнеше гүл сататын дүкенді бас қаладан көшіріп әкелуге мүмкіндік береді.

Қай тақырыпқа болсын өзіндік пікір білдіретін, оқырмандармен тығыз байланысып, олардың мәселесін шешуге атсалысатын, билікке емес, халыққа болысатын Гүлмира Әбіқай бұл тақырыпта да үнсіз қалмады. Сонымен журналист жазбасында не дейді?

– Гүлге қатысты мәселе ушығып тұр. Қызғалдақ теремін деп басы дауға қалған Майраның хатын қаз-қалпында жариялауды жөн көрдім. Түркістан полициясы не дейсіз? "Қызғалдақпен суретке түсеміз деп құрыққа iліндік.

Дүйсенбі, сәуірдің 19-ы күні таңертең емтиханымды асыға тапсырып, қызымызды атасына қыдыртып бара жатқанда алдымыздан қызғалдақтар жайқала шықты. Суретке түсіп жатқан адамдарды көріп, асыға күйеуімді көндіріп, не керек суретке түстік. Қызымның көзі қызғалдақта, басын көтермей соны жұла бастады, оны көрген мен қолына тағы бір екеуін қосып жұлып, ұстатып, түсірдім, қарамады. Сол гүлдерді қолымызға ұстап, цирк болып суретке әрең түсірдік. Жаңағы жұлған гүлдерді обал болмасын, үйге апарып суға салайық деп қайтуға жиналып машинаға отыра бергеніміз сол еді, полиция көлігі келіп тоқтады. Ішінен төртеуі, артынан екеуі келді топылрап. Ай жоқ, шай жоқ, біреуі күйеуімнен құжат сұрады да, тексеріп болысымен қызғалдақ жұлғаныңызды мойындайсыз ба деп күйеуімді сыртқа шығарып, сөйлесе бастады. Мен аң-таң болдым. Сөйтсем қызғалдақ теру қылмыс екенін және 9 миллион айыппұл бар екенін ескертті. Мен: “Иә білген жоқпыз, обал болмасын, кішкентайымыз жұлып қойды, апарып суға саламыз” дедім. Полицейлер маған түсініктеме жаздырып алды да, біз табиғат қорғау ұйымынан группа шақырдық, солар шешсін деп күттірді. Содан не керек, әлгі Алмас Серіков келіп, әйелің мен қызыңды араластырма, сен жауап бер деп машинасында отырып алды. Мен: “Жіберіңіз, қызым жылап, көнбей отырғанын көріп отырсыз” десем, 102-ге звонда деп, қасындағы жігітке сөйлеп, жауап бермей отырды. Күйеуім қайын атамды звондап шақырды, жағдайды түсіндіре алмаған соң. Содан мен қызыммен әлек болып машинада отырсам, ол шырақтарым күйеуімді кінәлі қылып мойындатып, айыппұл ғана 1400 теңгеден, поштаға барып төлейсің, болды деп алдап, суретке түсіріп алды да, мені қайын атаммен қайтарды. Ал күйеуімді Шаянға апарып, сен терге, мен терге деп екі сағат күттіріп, тергемей, өзіміз хабарласамыз деп қайтарып жіберіпті.

Сөйтсем бүгін мынандай жаңалық шығып тұр. Ұят емес пе?! Не андағы жерде ескерту тақтасы жоқ, не басқа жоқ, халықты тонауға полиция қызметкерлерін аңдытып қойғаны несі. Ескерту береміз деп алдап... Осы бала кезде көктемде қырдың қызыл қызғалдағын жұлып, жазиралы дала гүлін термеген адам жоқ шығар, сірә? Егер ол жер арнайы қорық болмаса, ешқандай ескерту жазылмаса, тақтайша қойылмаса, қара халық қай өсімдіктің Қызыл Кітапқа енгенін қайдан біледі? Бәріміз биолог емеспіз.

Ескерту береміз деп алдап түсіргені оңбағандық емес пе айтыңыздаршы?! Полицейлік шенін қарапайым халықты алдап қорғамақ па?! Қарапайым халық болғандықтан не саясатпен жаңалыққа шығарғанын аса ұққан жоқпыз. Баспасөз қызметінде жүріп, мүмкін сіздер түсіне алатын шығарсыздар. Сол жерде хаттама жазды. Бізге ешқандай қағаз берілмеді. Жаңалыққа шыққанын көріп, шынында, басында қорықтық. Оқиға Түркістан облысы Бәйдібек ауданы, Акбастау ауылына жақын трасса маңында болды. Сайрам-Өгем қорығына карамайды, ешқандай паркке жатпайды, жеке кәсіпкердің бидай егіп отырған жері. Суреттер бар. Ондай қағаз берілмеді ол жерде, айыппұл жазып береміз, поштаға барып төлейсің деген, мен түскі үзіліске кеткен едім деп жеке кәсіпкер кейіннен келді, аты-жөнін білмеймін. Ешкім хабарласқан жоқ, ешқандай хабарлама келмеді. Не күтуге болады?", – дейді оқырман хаты. Бұл тақырып әлі де өзекті. Анық-қанығын зерттеп, әлі де жазатын боламын", – деді Г.Әбіқай.

Екінің бірі Қызыл Кітаптағы өсімдіктер жайлы біле бермейді. Мысалы, тауда өсетін бәйшешектің өзі Қызыл кітапқа енген, оны да тауға барғандар жұлып алуы мүмкін. Алайда заң бойынша, адам оны білмегені ескерілмейді және қылмыстық жауаптан босатылмайды. Сол үшін, біріншіден, Қызыл кітапқа енген өсімдіктер өсіп тұрған жерлерге плакат, билбордтар қою керек деп ойлаймын. Оған сол жерде Қызыл кітапқа енген өсімдіктер өсіп тұрғанын, жұлынса қылмыстық жауапқа тартылатынын ескертіп, жазу керек. Екіншіден, жалпы мұндай гүлдер өсіп тұрған жерлерді қоршап, ешкімді кіргізбеу керек.

– Қызыл кітапқа енген гүлді жұлуға болмайды, шындығында, оның зияны өте зор. Егер сіз гүлді жұлып алсаңыз, ол енді бұл жерде өспейді. Заң бойынша, Қызыл кітапқа енген гүлді жұлғаны үшін салынатын айыппұлдың көлемі – 3 мың АЕК-ке дейін, бұл шамамен 7 953 000 теңге. Қылмыстық Кодексте гүлдің саны көрсетілмеген, яғни, бір гүлді жұлудың өзі жеткілікті. Ол айыппұлдан бөлек әрбір гүлді жұлып алғаны үшін әкімшілік айыппұл төлеуге тура келеді, ол 0,5 АЕК – 1 458,5 теңге. Егер ер адам бұл қомақты соманы төлей алмайтын болса, сот оны үш жылға бас бостандығынан айыруы мүмкін немесе қоғамдық жұмысқа тарту жазалары қарастырылған", – деді заңгер Думан Көпбаев.

Мөлдір САБЫРЖАН

Білім – бастауышта

«Алты Алаштың баласы бас қосса, төр – ұстаздікі» деп айтқан Мағжан ақынның теңеуінен асырып, мұғалімге баға айта алмаспыз сірә. Шындығында, Абайша айтсақ, адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болатынын мына өмірдің өзі дәлелдеп беріп келе жатқандай. Сол бабалар дәуірінен бері қаншама ұрпақ алмасты, білім нәрімен сусындады. Десе де дәл қазіргі замандағыдай оқу-білімге қазақ баласы үшін мүмкіндік туындамады. Ауыл молдасынан хат танып, есейе келе өзі қалаған салада білім алған бабаларымыз сонда да қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болды, нұрын шашып, жарығын түсірді. Алайда олар да өздерінің ұстаздың алдынан тәлім алғанын, білімін шыңдап, білікті маман атанғанын еш ұмытпаған.

Рас. Халқымыз әрқашан да ұстаз мәртебесін көтеріп, аса жоғары қастерлеп, бағалаған. Осы ұстаз хақында чех педагогы Я.А.Коменский: «Мұғалім мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз жалын иесі» деп жоғары баға берген. Сол педагогикалық мамандықтардың ішінде бастауыш сынып мұғалімі ерекше құрметке ие деп зор мақтанышпен айта алар едім. Себебі алғаш мектеп табалдырығын аттаған бала үшін алғашқы ұстаздың орны мен қызметі қашанда ерекше. Сонысымен де бастауыш білім беру мамандығы – ерекше мамандық. Бастауыш мектептің негізгі міндеті – жеке тұлғаны дамытып, оның алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, білімге деген сенімін нығайтып, іскерлігі мен дүниетанымын қалыптастыру. Осы арқылы баланың оқуға деген қызығушылығы оянып, ынтасы артады.

«Білім негізі – бастауышта» демекші, білім берудің алғашқы баспалдағы осы бастауышта басталады. Баланы бастауыш сыныптан бастап шығармашылық ойлауға, өз бетінше шешім қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы. Ел тірегі білімді ұрпақ екенін мойындағалы осы саладағы бастауыш білімнің орны ерекше айқындалды. Өйткені бастауыш сыныптағы әртүрлі пәндер оқушы білімін дамытып, танымдық қабілетін қалыптастырады. Сол себепті де мектепте, ғылым саласының қай-қайсысында болсын, берілетін білімнің негізі бастауышта қаланады. А.Байтұрсыновтың: «Бастауыш мектепте үйренетін білім жұрттың бәріне тегіс керек білім ғой. Адамға тіл, құлақ, қол қандай керек болса, бастауыш мектептерде үйренетін білімдер де сондай керек» деп айтқаны сондықтан шығар.

Қай заманда болсын бастауышта берілетін білімге ерекше көңіл бөлінеді. Қазір де солай. Баланың оқу әрекетінің танымдық белсенділігімен қоса білімін өз бетімен толықтыра алатындай деңгейде қалыптасуында осы бастауыш білімнің үлесі зор. Осы кезге дейінгі тәжірибе көрсетіп отырғандай, мектепте білім беруді жетілдірудің нақты жолдары мен тәсілдері қазіргі кезде сан алуан әдіспен іске асырылуда. Сондықтан әр мұғалім: «Менің бүгінгі сабағымнан оқушым не үйренді?», «Мен өз білімімді толықтыру үшін не істедім?» деген сұрақтарға ұдайы жауап бере алатындай қызмет етуі керек. Бұл әсіресе бастауыш сыныптарға білім беретін мұғалімдерге тікелей қатысты. Халқымыз «Қырық жыл мұғалім болсаң да қырық бес минуттық сабағыңа тиянақты әзірлен» деген сөзді сол себепті айтқан.

Раушан АЛДАМҰРАТҚЫЗЫ

Баспана туралы естігенде есімізге журналист Қали Сәрсенбайдың баспаналы болған сәті еріксіз еске түседі. Оны Ержан Байтілес әдемі суреттеген. "Қали Сәрсенбай төрт баласымен Алматының төрт бұрышынан пәтер жалдаған "көшпенділердің" қатарынан қалмады. "Алматыда мен алдын көрмеген орыс кемпір қалмады ғой. Отызға жуық пәтер ауыстырыппын", – деп отыратын Қалағаңның өзі. Тәуелсіздік келгеннен Қали

Наурызбай Мирамханұлы, дәрігер:

Екі жылда баспаналы болдым

Сәрсенбай "Егемен Қазақстан" газетінен пәтер алады. Қаншама жыл зарығып жеткен қуанышы ғой, сол сәттегі оның сезімін бір сөзбен айтып жеткізе алмаспыз. "Ақсайдағы" төрт бөлмелі үйге кіріп, балалары бір бұрышта тып-тыныш көздері бақырайып отыр дейді. Балаларының үрпиіп отырған түрін көрген әке олардың жанына жақындап неге үнсіз отырғанын сұрамай ма?! Сөйтсе, үлкен қызы Мөлдір: "Қожайын ұрсады ғой", – деп жауап беріпті... Ойын баласының қожайыннан сескеніп, именіп, ойындағысын айта алмай, әрі-беріден соң бала болып алаңсыз ойнамайтынын естігенде Қалағаңның көзіне жас келіп, төрт баласын құшағына қыса беріпті", – дейді. Осыдан келе баспананың өзектілігіне көз жеткізуге болады. Пәтерден-пәтер жағалап қанша жылдан бері қиналған адам ғана пәтер кілтін иеленудің қандай бақыт екенін сезеді. Оның үстіне көп қабатты үйлер көптеп салынуда. Сол жағалауда да жаңа үйлер бой көтеріп, халық игілігіне берілуде. Биыл ғана баспана кілтін алған Наурызбайдан пәтер алудың тиімді тұстарын сұрадық. Наурызбай Мирамханұлы – "Ана мен бала" орталығы облыстық перзентханада невропатолог дәрігер. Жары Жансая Мұхтарқызы Тереңөзек кентіндегі №210 орта мектепте информатика және математика пәнінің мұғалімі.

– Қоныс құтты болсын! Бүгінде баспанаға мұқтаж отбасы көп қой...

– Иә, пәтерден-пәтерге көшіп жүргендерді аз кездестірмейсіз. Бүгінде екінің бірі баспанаға мұқтаж десек артық емес. Себебі, баспана алғысы келетіндер қатары көп. Оны өзім баспана кезегіне тұрған кезде аңғардым. Десе де баспаналы боламын дегендерге қарастырылатын жеңілдіктер жетерлік. Мәселен, "Нұрлы жер", "Шаңырақ", "Бақытты отбасы", "Орда", "Баспана хит" жақында шыққан "Ұмай" бағдарламасы да тұрғын үй кезегінде тұрғандарға септігін тигізбек. Өзіме келер болсақ, оқуымды 2018 жылы Қарағанды қаласында аяқтаған соң, отбасы жағдайыма байланысты, туған жеріме оралдым. Сұраныс бойынша ОПО "Ана мен бала" орталығына невропатолог дәрігер болып жұмысқа тұрдым. Сол уақыттан бері үй алғанға дейін ауданнан қалаға қатынап жұмыс істедім. Шыны керек, 50 шақырым жолмен қатынау қиынға соқты. Қаншама рет облыстық денсаулық сақтау басқармасынан көмек сұрадым. Бірақ олар ешқандай көмек көрсете алмады. Сол себептен ТҰЖБ-дан есепшот ашып, өзім қаржы салып, жинай бастадым. 2020 жылы ТҰЖБ сол жағалаудан "Нұрлы жер" бағдарламасы бойынша бюджет қызметкері ретінде конкурс жариялады. Бірақ менде 20 пайыз алғашқы жарна жеткіліксіз болды. Туған туысқандарым көмек көрсетіп, 1600000 теңге алғашқы жарнасын бердік. Осылайша конкурстан жеңіп шықтым. Сол арқылы 2 бөлмелі пәтерге ие болдым. Міне, сол жағалаудан бой көтерген, жаңа баспанада тұрып жатқан жайымыз бар. Үйіміздің іші кең, әрі әдемі.

– Баспана кезегінде тұрғаныңызға қанша уақыт болды?

– Баспана кезегіне ертерек тұрып қойғанның артығы жоқ екен. Мен Қызылордаға келген кезде баспанадан қиналдым ғой, сондықтан да баспана алуға ұмтылдым. Бірден кезекке тұруды, есеп ашуды қолға алдым. Кезекке тұрғаныма 2 жылдан асыпты. Осы уақыт ішінде баспанаға қол жеткізгенімізге қуаныштымын.

– Қай бағдарлама арқылы үй алдыңыз, сіз үшін ол бағдарлама несімен тиімді болды?

– Тұрғын үй саласында бұған дейін болған барлық механизмдер "Нұрлы жер" бағдарламасына енгізілді. Отбасы банк ипотекадан бөлек, жеке тұрғын үйді салу жүйесі де бар. Бағдарламаның негізгі мақсаты – осы саланы нарыққа барынша бейімдеу. Мемлекет оған көп араласпауға тиіс. Себебі халықтың өз жинақтары бар, табысы да жоқ емес. Ал әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтар үшін арнайы баспаналар салынады. Мәселен, I топтағы мүгедектер мен жетім балалар арендалық үйді ала алады. Бірақ оны жеке өз атына аударуға рұқсат жоқ. Тұрғын үй жинақ жүйесі арқылы жеке баспананы алуға болады. Оған табысы мен жинақтары бар азаматтар қатысады. Мемлекеттік қызметшілер, дәрігерлер, мұғалімдер сияқты бюджет саласының мамандары, әскери азаматтар және тағы басқа тұрақты жалақысы бар адамдар дәл сол кредиттік баспананы алса да болады. Бұдан бөлек, екінші деңгейлі банктерді субсидиялау арқылы жекеменшік компаниялардан пәтер сатып алуға мүмкіндік бар екен. Ал өзім "Нұрлы жер" бағдарламасы арқылы үйлі болдым. Тиімділігі, әр санат бойынша конкурстар бөлек өткізілді. Соның арқасында конкурстан өттім. Оның алдында жалпылама конкурстарға қатысып, өте алмайтынмын.

– Үйдің дизайны маңызды. Интерьер кеңесіне жүгіндіңіз бе?

– Кімге болсын үйдің дизайны маңызды. Өзі жаңадан салынған баспана болған соң да ерекше ықылас болды. Көркемдеп, әсемдеп қоюға талпынасың. Үйге шамалы өзгеріс енгізілсе қызығасың. Жалпы интерьерден келіншегімнің хабары көп. Ғаламтордан қарап өзінің қалаған жерін өзгертіп жатады. Үйді өзі реттеп, өзі өзгертеді. Ал мен оның талғамына сендім.

– Бағдарлама арқылы үй алғанда нені ескерген жөн. Жас отбасыға қандай кеңес берер едіңіз?

– Бір айта кетерлігі, мемлекеттің көмегін пайдаланып, баспана алуға ұмтылу керек. Кім болса да пәтер жағалап жүргеннен, баспаналы болуға ұмтылған жөн. Қазір нақты ақшаға, сол мезетте үй алу оңай емес. Сондықтан да кезекке тұрып, тіркеліп қойғанның артығы жоқ екен. Жылды ойнатып отырсаңыз да тигізер тиімділігі көп. Сондай-ақ конкурста алғашқылардың бірі болып тұрса, қабаттарды таңдау еркіндігі болады. Егер ол маңызды болса, ұпайыңыз жоғары болғаны жақсы.

– Үйдің кілтін қолыңызға ұстап, алғаш табалдырық аттаған сәтке оралайықшы. Қандай сезімде болдыңыз?

– Тереңөзектен орталыққа қатынау оңайға соқпады. Сондықтан да баспананың болғанын асыға күттік. Аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова салтанатты түрде табыстады. Қолыма көптен күткен баспананың кілті тигенде ерекше сезімде болғанымды жасыра алмаймын. Ал үйге кіргендегі сезім мүлдем бөлек. "Бұл енді менің үйім" деп терең тыныстадым. Анам екеуміз бірге бардық, ол кісінің қуанышы өз алдына. Ұлының баспаналы болғанына қай ана қуанбайды дейсіз. Міне, енді бүгінде жаңа үйде жаңа өмір бастап жатқан жайымыз бар. Алла қаласа арман, мақсатымыз көп. Болашақта отбасымызбен, бала-шағамызбен қызықты күндерді осында өткізгіміз келеді.

– Сол жағалаудағы тұрғын үйді бәрі мақтайды. Бірақ тұрып жатқан адам ғана қандай екенін біледі. Айтыңызшы, баспана ойыңыздан шықты ма?

– Бақсаңыз, бүгінде сол жағалауда бәрі бар. Дүкен дерсіз, оқу орны мен мектепті де қарастырған. Жастар орталығы да сонда орналасқан. Ойын алаңдары да жаңадан салынған. Болашақта балаларымызды алып емін-еркін қыдыра аламыз. Әлі де біршама үйлер мен басқа құрылымдық мекемелер салынып жатыр. Барлық үйлер бір жобамен салынған. Әзірге үй айналасында толық аяқталмаған жұмыстар бар. Бірақ басты мұқтаждықтар реттелген. Қалғаны уақыт еншісінде. Баламыз өсіп жетілемін дегенше барлығы сәтті аяқталып, пайдалануға беріледі деп сенемін.

– Жақында шаңырақ көтеріпсіз, құттықтаймын! Бақытты қалай түсінесіз?

– Иә, рақмет. Биыл шаңырақ көтерген жайымыз бар. Келіншегім өте жақсы, қазақтың қарапайым қызы. Алла нәсіп етсе, кішкентайымыз дүниеге келмек. Алдымен ата-анаңның, отбасыңның амандығынан артық қандай бақыт болсын! Шын бақытты сезіне білу де бақытқа жатады. Кейде болғанның үстіне бола берсін деп қанағатсыздыққа бой алдырып жатамыз. Жалпы мен үшін байлық емес, отбасым маңызды. Солардың жағдайын жасап, көңілін табу – менің басты арманым. Солар күлімдеп, күлімсіреп жүрсе сол маған бақыт. Алланың берері таусылмасын.

– Ұстанымыңыз қандай?

– "Әкелгенің қуаныш болса, есікті қақпай кіре бер" деген сөзді ерекше бағалаймын. Күлкі бар жерде құт пен берекеде болады. Сондықтан күлімдеп, жайнап жүрген адамдарды ұнатамын. Бір нәрсеге көңілі толмай, қабағы түсіп кеткен сәттерді ұнатпаймын. "Күліп жүр, бұл сүннет" деген сөз өмірлік ұстанымым.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Мөлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА

OI TOLĞAM

Бағатын бала болса, өлетін кәрі жоқ

Журналист Қаныбек Әбдуовтың осы сөзі маған қатты әсер етті. Астарына үңіліп көріңізші, "бағатын бала болса, өлетін кәрі жоқ". Иә, бүгінде ата-ананы бағатындар қатары күрт төмендеді. Қарт кісіге бұрынғыша емін-еркін немересін тәрбиелеу мұң. Тіпті бір иіскеуге, құшағына қысуға зар. Себебін қарттар үйіндегі кісілердің жанарынан аңғаруға болады. Осыдан кейін ата-анада "қартайғанда қалай күн көрем" деген қорқыныш пен үрей басым ба деген ой келеді. Сонда деймін баланың өзі кәрі болмай ма? Қазақта "атаңа не істесең, алдыңа сол келер" деген аталы сөз бар. Өкіністісі, мұны ойына алып жатқандар аз.

– Көп ортасында кәрі болсын дейміз ғой баяғы. Ертегідей темір таяқ тебендей, темір етік теңгедей болып, тірлікте төккен тердің тәттісін тұқымына тартып, таңдайына салған кісі жасы ұлғайғанын да сезбей қалары сөзсіз. Үнемі еңбекпен өткен уақыттың белгісіндей қажырдың қайтқанын сездірер әжімнің тереңінде мұң мен мұрат жатады. Көрер қызығынан гөрі көрі жақын қарияға құрмет көрсету – әрине кіндігінен шыққанның киелі ісі. Дегенмен ишарат игілігі иесіздің икеміндей құрдымға кеткен құм суы тақылеттес. Жасыратыны жоқ, тамаққа талғажау – оның зейнетақысы болмағанда кейбір келіндер қарттар үйіне итере салудан тайынбайды. Рас, қарт адамның қайраты тілінде қалады. Артық айтуы да мүмкін. Әйтсе де, өсіріп-өндіргенде өгейсітіп шеттету өзіңе сын. Әке көңілін өзің әке болғанда білерсің, жастықтың қадірін қартайғанда білерсің дейтін ұғым босқа айтылмаса керек. Қасында қарайлап кемпірі отырса, шалдың тізесі тоңбайды. Сондықтан Құдайға құлдық ұрып, "орта жолда атың, орта жаста әйелің өлмесінді тілейді. Сондай-ақ "отыз ұлымнан осырақ шалым артық" деген сөз де даналар тілінен бекер шықпаған шығар. Осыны түсінесіздер ме?, – дейді Қаныбек Шәрібекұлы.

Қарттар үйінің жанынан өтсеңіз, есікке көз салып отырғандарды кездестіру қиын емес. "Маған ұлым немесе қызым келеді" деген үміт ата-ананы терезеге телміруге итермелейді. Аялдамада бір кісіні кезіктірдім. Үлкен кісі, қолында таяғы бар. Қарттар үйінде тұрып жатыр екен. "Балам арғы бетке өткізіп жіберші" деді. Барып, қолынан ұстап, айтқанын істедім. Бір кезде "Менің немерем де сенімен қатарлас. Қазір де сен сияқты сауапты іс жасап жүрген шығар" дейді. Әр адамнан ұлын, қызын іздегенге қалай қынжылмайсың. Ал олар "мен не істедім" деп ойланған емес.

– "Бауырдан бала артық", – деген сөз рас екен. Үйленген соң бөлек шығып, ата-анамнан алшақ кеттім. Осылайша жаңа өмірге қадам бастық. Ұл-қыздарым болды. Өз бауырларымның үйге көп келгенін келіншегім ұната қоймады. Ұрыс-керіс содан шыға бастады. Бір күні бауырларыма: "Біз бөлек шықтық, өзімізше тұрайық" дедім. Сөйтіп бауырдан баланы артық көрдім. Қазір сол балам әкеден келіншегін артық қойды. Қателік жасағанымды кеш ұқтым. Адам басыңа түспейінше сезінбейді ғой, енді ұлымның менің күйімді кешкенін қаламаймын. Мен де келіншегімнің сөзіне құлақ астым, ол да сөйтіп таңдау жасауға тура келді Ақырында қателік жасағанымды білдім. Қарттар үйіндегі өмірге өкпем жоқ, тек ұлым қиналмасын. Адамды өзгертетін де, құртатын да бір ғана қателік қой. Енді ұл-қызымды, немерелерімді сағынуымен уақыт шіркін өтіп жатыр. Балалар үйіндегі баланың арманы "мені біреу асырап алса" ғой, ал біздің арманымыз балаларымыз қайтарып алса дейміз, – дейді таяқ ұстаған қарт кісі.

Бұ кісі өзінің ғана емес, қатарластарының да мұң-мұқтажын жеткізгендей. "Үйіме оралсам ғой" деген бір ғана тілек. Осыдан келе ата-анам мені өмірге әкелді, бақты-қақты, мен не істеп жүрмін өзі? деп ойланбайтындарға сөз шығындап, айт не айтпа не...

Журналист сөзінен бастадық, журналист сөзімен аяқтауды жөн санадық. "Бұрынғының адамдары бір күн өтсе, өлімге жақындап барамын деп өкінген екен. Қазір керісінше қуанамыз. Себебі қорлықтан тезірек құтылуға қамданғанымыз. Осы өтірік пе?".

Дінислам ӘЛІШЕРҰЛЫ,

Өзіңнен баста!

Өмірде сыйластық бәрінен жоғары тұрады. Оның ішінде сәлемдесу басты орында. Бүгінде біз танымайтын адаммен амандаспаймыз. Ерсі көрінетін секілді. Бірақ үлкен кісілер танысын, танымасын сәлем ,бергенде марқайып қалады. Жақында қонаққа бардым. Барлығымен сәлемдесіп шықтым. Сол кезде бір қария батасын берді. Ал қариядан бата алудың құдіреттілігін өзіңіз де білесіз. Бір ойым: бүгінде өз-өздерімен жөнді тілдесе алмай жүрген жастар, қарт кісілермен қалай сәлемдессін?! Құлап бара жатса да иілмей өтіп кететін күнге жеттік қой. Бұған базар ішінде көз жеткізгенмін. Бір күні азық-түлік алуға базарға шықтым. Қолымда дорбаларым бар, автобуста тұрғанмын. Әжелерді көрсем, марқұм әжемді еріксіз еске түсіремін. Сосын қандай жағдай болсын көмектесуге тырысамын. Сол мақсатта да алдынан күтіп алып, көлікке мінгіздім. Автобус кондукторы пакетті әрі-сүйреп, бері сүйреп ішіндегі жұмыртқаны ақыры жарды. "Сізден басқа ешкім жоқ па, жатпайсыз ба, не істеп жүрсіз?" деп дүрсе қоя берді. Иә, жағдайы болса, қарайласып азық-түлігін көтеріп жүретін балалары болса, үйде жатқан ол кісіге де тиімді ғой. Біз мәселенің анық-қанығына көз жеткізбей, орынсыз тиісе салатынымыз бар. Осы күні қарт кісілерге де сөз қайтаратын болдық. Әжей "айналайын-ау" деген күйі қалды. Мұндай жағдайды кеше-бүгін кездестіріп тұрғанымыз жоқ. Бұған дейін де болған, кейін де болады.

Қазынасынан айырылған қайыршымен қайраты қайтқан кәрінің арасында бір аяусыз ұқсастық болады. Қайыршы қасынан өткеннің бәрінен садақа күтеді, ал кәрі кісі қарсы кездескен жаннан тегіс сәлем дәметеді. Жұрт мені танып, тоқтап, сәлем берсе екен, тым болмаса бас изеп, ізет көрсетсе екен дейді. Жанынан өткен жас адам сәлем берсе, шал шабыттанып, жанына қанат бітіп қайраттанып қалады. Өйткені жас азаматтың сәлемі арқылы егденің елге сіңірген еңбегі еленеді. Себебі сәлем – қарт ұрпақтың жер бетінде қалдырған игі ісіне жас буынның ризашылығының белгісі. Ал қарт адамға бұрынғы өткен-кеткенді еске алып, ойға түсіру өзгеше ғанибет.

Бұрын аналарымыз үлкен былай тұрсын кішкентай баланың да жолын кесіп өтпеген. Ал сөйтіп кішкентайынан құрмет көрген еркек атаулысы қазір самайына ақ түскен аналарды құрметтеп жүр ме? Басты құрмет – сәлемнен бастау алады. Сондықтан таны не, таныма не, қарт кісінің көңілі үшін бас изеп, амандық сұрауды әдетке айналдырайықшы.

"Әлемді өзгертпес бұрын өзімді өзгертуім керек" деген түсінік адам санасында қалыптасу керек. Бірінші өзің өзгеру арқылы ғана өзгенің өзгеруіне ықпал жасайсың. Үлкен кісінің алдын кесіп өтпесең, оны көрген адам дәл солай жасамасына кім кепіл?! Қазіргі таңда еліктеушілікке белең алып кеткеніміз өтірік емес. Ал енді мұның өзгеру жолы – тек өзіңнен бастау.

Мөлдір САБЫРЖАН

EKOJOBA

Назым САПАРОВА, жас эколог:

ӘЗІРГЕ ҚАЗАҚША ЭКОПОДКАСТ ЖАСАУШЫ БІЗ ҒАНАМЫЗ

Экология мәселесіне бей-жай қарамайтын Назым мен Лилияның алғашқы жобасы бұл. Бастапқыда іштей қобалжумен басталған Qarlygash аудиоподкасы алғашқы қазақша жобаның бірі болады деп ойламаған. Бірақ қоршаған ортаға деген қамқорлығы күшті қыздар бәрін де өзгертті... Нәтижесінде барлық тыңдаушыға қолжетімді экожоба дүниеге келді.

Назым Сапарованың негізгі мамандығы – журналист. 22 жастағы тілші қоғамдағы өзгерістер мен жаңалықтардан үнемі хабардар, әсіресе оны экология тақырыбы ерекше алаңдатып тұрады.

– Өзім ауылда өскен соң, ауаның, айналаның тазалығына ерекше мән беремін. Ауылда өзіңіз білетіндей, қоқыстар бей-берекет шашылып жатпайды, әрі ондағы адамдар барлық дүниені «ысырап болмасын» деген ниетпен орынды пайдаланады. Әжемнің айтуынша, бұрын адамдар сүйектің өзін далаға тастамай, сабын қайнатқан. Осыған қарап, ата-әжеміздің экосауаттылығы, табиғатқа деген жанашырлығы жоғары болған деп ойлаймын. Ал қазір жаңа технология, жаңа дәуір десек те, біз экологиялық мәселелерді шеше алмай келеміз, – дейді Н.Сапарова.

Енді бірегей бастамаға келсек... Назым мен Лилия Internews ұйымының Қазақстандағы өкілдігі MediaCamp бағдарламасы аясында өткізген “Инклюзив контент лабораториясы” атты конкурсқа қатысқан. Медиада экология тақырыбындағы контент саны мен сапасын арттыруды көздеген конкурс грантын сәтті қорғаған олар экожобаның құрылымын дайындайды. Осылайша 11 бөлімнен тұратын аудиоподкаста экологтармен қоршаған ортаны қорғау, хайуанаттар бағындағы жануарлардың жағдайы, қоқыс мәселесі, дұрыс тамақтану, ауыл экологиясы, тауар маркировкасын қалай ажырату керек, экобыоти болу трендi сынды тақырыптар қозғаған.

– Конкурсқа өтінім берген сәтте, жобаның сәтті боларына сенімді болған жоқпын. Себебі жобадағы ең кішкентай қатысушы мен едім.

Экобайқауға 15 топ қатысты. Әр топ бір журналист, бір экологтан құралды. Менің конкурстағы әріптесім Лилия Әлжанова есімді тәжірибелі эколог болды. Біз ол кісімен Qarlygash деп аталатын аудиоподкаст жобасын ұсындық. Конкурста біздің жобамыз ғана қазақ тілінде еді. Осы ерекшелік тер қазылар алқасының көңілінен шығып, біз жобаның грантын жеңіп алдық, – дейді Назым.

Айта кетейік, Qarlygash жобасындағы аудиоподкасты Apple подкастан, Google подкастан, Castbox.fm және Anchor.fm ресурстарынан тыңдауға болады. Әрі экожоба 18-35 жас аралығындағы қыз-келіншектерге арналған.

– Подкасты Qarlygash деп атауымыздың екі себебі бар. Біріншіден, қарлығаш – табиғаттың бір бөлшегі. Екіншіден, ол – қазақ халқының киелі құсы. Қазақта “Қарлығаш ұя салған шаңырақ берекелі болады” немесе “Түсіңізде қарлығаш көрсеңіз, жақсылықтың нышаны” деген сенім бар. Ал аудиториясы неге қыз-келіншек десеңіз, әйел экосауатты болса, баласын суды үнемдеуге үйретеді, күйеуіне де барынша экожағдайды түсіндіреді, құрбысымен әңгімелескенде де эколайфхактарды айтып, пайдалы ақпарат таратады. Меніңше, қоғамды өзгерту үшін жалау көтеріп, шағым айтқаннан гөрі әр адам өзінен бастауы керек, – дейді жас журналист.

Сөз соңында Назымнан жобаның жалғасы қашан дайындалатынын сұрадық. Экология тақырыбындағы ұстанымы берік бойжеткен бұл сауалға келесідей жауап берді.

– Осыған дейін жобаның негізі форматы сұхбат түрінде болды. Аудиоподкаста экосауаттылықты барынша қарапайым түсіндіруге тырыстық. Жастардың бұл жобаға деген қызығушылығы жоғары. Содан болар, жоба жарыққа шыққанда қолдаушылар да көп болды. Шыны керек, әзірге экология бағытындағы қазақша подкаст жасаушы біз ғана болып тұрмыз. Қазір белгілі себептермен жоба уақытша тоқтап тұр. Бірақ алдағы уақытта қайта қолға аламын деген ниетім бар. Болашақта жобаны қайта жалғастырар болсам, форматын сәл өзгертіп, эколайфхактарды барынша қарапайым тілмен түсіндіргім келеді. Өйткені қоғамда ғылыми түсінікті қабылдау әлі де баяу, – дейді Н.Сапарова.

EKONEWS

ЖАҢА БАҒДАРЛАМА

Биыл Арал маңының экологиялық ахуалын жақсартуға бағытталған жаңа жоба басталады. Сондай-ақ теңіздің құрғап қалған ұлтанына сексеуіл егу бағдарламасы қабылданады.

Жобаға Германияның экономикалық әріптестік және даму федералды министрлігі 8 миллион еуро бөлген. Жоба Қызылорда, Маңғыстау облысын және Қарақалпақстан, Өзбекстанның Хорезм аймағын қамтиды. Бұл туралы еліміздің Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев Қызылорда облысына жасаған жұмыс сапары кезінде мәлімдеді.

Жалпы Арал теңізі тартылғаннан бері 4 миллион 6 жүз мың гектар жер құрғап қалған. Оның 2 миллионнан аса гектары Қазақстанда, ал 2,3 миллионы Өзбекстан аумағында. Осы жерден жыл сайын 100 миллион тонна тұзды құм көшіп, әлемдік экологияға кері әсерін тигізіп келеді. Зерттеушілердің сөзіне сүйенсек, мұнда егілген 1 түп сексеуіл 4 тонна құмды тоқтата алады. Бүгінге дейін мың гектар жерге 2 миллионға жуық көшет отырғызылған. 2025 жылға дейін тағы 213 мың гектарға сексеуіл егу жоспарланған.



„КИЕЛІ ТАБИҒАТ“

Жуырда «Киелі табиғат» республикалық акциясы басталды. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің арнайы жобасы қоғамдық бірлестіктер мен жастар ұйымдары тарапынан қолдау тауып, ел аумағына жүздеген ағаш отырғызылды.

Алдағы уақытта жоба аясында өзен жағалары мен орман іші тазаланып, қоршаған ортаны сақтауға қатысты бірқатар шара ұйымдастыру көзделген. Бұл жөнінде Ақпарат және қоғамдық даму министрі. Аида Балаева «Экологиялық акцияның ресми ашылуы Елордадағы ботаникалық бақта өтті және бұл бірер сағат не бірер күн болатын шара емес, бір ай бойы жалғасатын жоба» деп жобаның маңыздылығына ерекше тоқталды. Енді «Киелі табиғат» акциясы аясында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, экология мәселесіне арналған семинарлар ұйымдастырылады. Оған қоса, экология тақырыбын қамтитын театрландырылған қойылым қойып, жаз айларында балалардың назарына ұсыну жоспарланған.

Акцияның негізгі бөлігі бір ай көлемінде өтіп, нәтижесі 25 мамырда жарияланады. Ал жобаның жүргізілу барысын әлеуметтік желідегі «Киелі табиғат» парақшаларынан көруге болады.

EKOÁLEM

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?



Пандемия дүниежүзінде денсаулық дағдарысын тудырып, қатаң карантиндік шараларға байланысты экономиканы баяулатты. Соның әсерінен қоршаған ортадағы қозғалыс едәуір азайды. Нәтижесінде атмосферадағы CO2 шығарындылары азайып, ауа сапасы біршама жақсарған. Бірақ бұл ұзақ мерзімді перспективада қаншалықты тұрақты болуы мүмкін? Осы тұста әлемдік сарапшылардың пікіріне назар салдық.

Адам табиғаттың ажырамас бөлігі болған соң, айналадағы өзгерістер оны айналып өтпейді. Оған келесі мысал дәлел. Стэнфорд университетінің Жер туралы ғылымдар бөлімінің қызметкері Маршалл Берке Қытайда екі айлық ластанудың төмендеуі 5 жасқа дейінгі 4000 баланың және 70 жастан асқан 73000 ересектің өмірін сақтап қалғанын айтады.

Ал Калифорния университетінің Жер туралы ғылымдар кафедрасының доценті Стивен Дэвистің айтуынша, соңғы жылдары әлемдегі ЖІӨ-нің бір миллион долларына шамамен 500 тонна CO2 өндірілген. Тіпті 2019 жылдың өзінде ЖІӨ-нің 88 миллиард долларына 40 миллиард тонна CO2 шығарылған. Егер алдағы уақытта дәл қазіргі экономикалық құлдырау сақталатын болса, ЖІӨ-нің төмендеуінен CO2 көлемі әлі де азаюы мүмкін.

Ал Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антонио Гутерриш коронавирустың қаупі уақытша, ал құрғақшылық, су тасқыны және климаттың өзгеру мәселесі жылдар бойы сақталатынын және тұрақты шараларды қажет ететінін айтады.

Мамандардың болжауынша, адамзаттың COVID-19-ға қарсы әрекеті алдағы онжылдықта климаттық дағдарысты қалай шешетінін анықтайды. Эпидемияның әсерінен қоршаған ортаға пайдалы кейбір әдеттер тұрақты өмір салтына айналуы мүмкін, өйткені адамдар бірте-бірте тапшылықты сезінеді. Мысалы, олар саяхатты, жеке тұтынуды және тамақ қалдықтарын азайта бастайды. Соның әсерінен қоршаған орта бұрынғы қалпына келуі мүмкін.

P/S. Ешкім де көміртегі шығарындыларын осылайша азайтуды қаламағаны белгілі. Бірақ COVID-19 адамзатқа климаттың өзгеріп бара жатқанын ескерткен үлкен сабақ болған сыңайлы.

EKOMÁSELE

Табиғатты өрттен қорғайық!

Орман өрті абайсызда жағылған от, сөнбей қалған шоқ, кейде найзағайдан, ауа температурасының өте жоғары болуынан пайда болады. Сондай-ақ, кейбір азаматтардың табиғат аясында демалып, жаққан оттың толық өшірілмеуі, сөнбеген темекі қалдықтары, құрғақ шөптің маңайында қалған шыны бөтелкелердің әсерінен де тұтанады. Бұл – көбіне құрғақшылық кезеңдерде, ерте көктем мен күз мезгілінің аралығында пайда болатын апат.

«Барсакелмес» мемлекеттік қорығында дала өртінен орман қорын сақтау шаралары жыл сайын үздіксіз ұйымдастырылады. Төтенше жағдайлар қызметі және қорық маңына жақын орналасқан мекемелермен бірлескен жұмыс жоспары құрылып, ерікті өрт сөндіруші командалар жасақталады. Әр командаға арнайы көлік, өрт сөндіретін құрылғылар беріледі.

Осы мақсатта қорық маңындағы елді мекендер мен ауылдық округ тұрғындарына да үгіт-насихат жұмыстары жиі жүргізіледі. Үнпарақтар таратылып, арнайы дәріс оқылады. Сондай-ақ ормандағы өрттен сақтауға шақыратын қорық ішіндегі аншлагтар да жаңартылады.

Бүгінде қорық аумағына кіретін «Бегім Ана» ескерткіші маңына өрт қауіпсіздігін бақылайтын бекет ұйымдастырылған. Арнайы бекетте инспекторлар мен өрт сөндірушілер белгілі уақытпен кезекшілік қызметін атқарып, орталыққа телефон арқылы мән-жайды баяндап тұрады.

Мұндағы басты мақсат – дала өртін болдырмау, табиғи байлықты сақтау. Өрт желдің күшіне, бағытына қарай өршиді. Ол пайда болған жағдайда өсімдіктер мен жануар түрлерінің азаюына және жойылуына әсерін тигізетіні белгілі. Ағаш қорын кемітумен қатар оның өсуін де нашарлатады. Жалын шарпыған ағаш құрайды, жел, дауылда сынғыш келеді.

Сол үшін табиғат аясында ұйымдастырылған демалыста және басқа да уақытта өрт қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау керек. Өрт оқиғасы байқалған жағдайда құзырлы органдарға ертерек хабарлап, оның кең көлемде таралмауына ықпал жасау – әрбір азаматтың табиғат алдындағы міндеті.

Ғалымжан БАЗАРБАЕВ,
«Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің инспекторы

Бетті дайындаған: Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ

Жалғасы. Басы 1 бетте

Қызылордаға көкпар керек пе?

Алдымен ұлттық спорттың елдегі дамуын білу мақсатында ulttyqsport.kz порталын парақтай бастадық. Бұл портал көкпардан бастап, қазақтың ұлттық спортының жаңалығы мен кем кетігін оқырманға ұсынатын ресми әрі жалғыз сайт. Бірақ аталған сайт әлемде коронавирус инфекциясы тарамай жатып «карантин» жариялапты. Қысқасы, 2018 жылдың 4-інші маусымында ақпарат салуды тоқтатқан. Содан бері ұлттық спорттың елдегі жаңалығынан оқырман қауым бейхабар. 28 наурыз бен 5 сәуір аралығында ұлттық спорттан ел біріншілігі өткенін тек көкпаршылардың аузынан естідік. Хош. Әзірге ұлттық спортты ұлықтап жүрген спортшылардың соңғы жарысы сол. Жамбыл жеріндегі жарыста көкпар командаларының саны қысқарған. Рухани жаңғыру бағдарламасы басталғанда барлық облыс пен қала түгелдей команда жасақтаған көрінеді. Бүгінде дәрмені бірте-бірте азайып қалғандай. Себебі Тараздағы тайталаста Шығыс Қазақстан мен Ақмола облысының командалары біріншіліктен бас тартып, спортшылардың саны азайған. Елдегі ахуал осындай. Енді өз облысымызға ойыссақ. Ұлттық спорттың арасында жігітті төзімділікке, ептілікке, батылдыққа баулитын өнердің бекзат түрі – көкпар. Өзгелерге қарағанда көрермені де көп. Аталмыш спорттың биігін бағамдап, саралап көрдік. Жағдай біз ойлағандай мәз емес. Тұтас аймақтың абыройы бір ғана Жаңақорған ауданының шабандоздарына тиесілі. Қазақстан чемпионатына 15 жылдан бері қатысып келе жатқан Қызылорда командасы осы уақытқа дейін жүлдегерлер қатарынан көрінбеген. Неліктен? Бұл сауалдың жауабын белгілі көкпаршы, команданың бапкерлік қызметін де атқарған Съезбек Сыздықовтан сұрап көрдік.

– Көкпар ережесі бойынша екі үлгі бар. Бірі жаппай, ншісі командалық. 2005 жылға дейін жер-жерде жаппай көкпарға қатысып жүрдік. Ресми 2005 жылдан бері біріншілікке тіркеліп, содан бері облыс командасы бақ сынап келеді. Бұйыратыны, 4 пен 6 орын. Қателеспесем, 2014 жылы жеребе жолдас болып 4-інші орын алдық. Әзірге біріншіліктегі жетістік сол. 2019 жылдан бері құрамадан алшақтап қалдым. 2014-ке дейін мемлекет тарапынан қолдау болмады десек те болады. Көкпарға жеке пырағымызды қосып, жолға демеуші іздеп, «итшілеп» қатысатынбыз. 2014 жылдан бастап облыстық спорт басқармасы тарапынан шабандоздарға шәкіртақы тағайындалып, жағдай бірте-бірте түзеле бастады. Қазір қолдау жоғары деңгейде. Спорт басқармасы 20 жылқыға дейін алып берді. Әр жылқының құны 1 млн 240 мың теңгеден келеді. Оның жем-шөбі, беретін дәрумені де жеткілікті. Шәкіртақы 85 мың теңгеге көтерілді. Бапкерлердің саны 5-еуге дейін артты. Құраманың басы қасында жүргендер көрсетілген қолдауды дұрыс бағытта пайдалана алмай жатыр. Соңғы жарысқа тоқталайықшы. Ережеге сәйкес биыл жоғары және бірінші лига болып екіге бөлінді. Қызылорда құрамасы жоғары лигада бақ сынады. Онда 6 команда бақ сынауға тиіс болатын. Бірақ бір команда жарысқа келмей қалды. 4 кездесу өткізген қызылордалықтар 3-еуінде жеңіліс тапса, 1-еуінде ғана мерейі үстем болды. Жамбылдық «Әулие ата» командасынан 14-0, «Құлагерден» 17-2, «Атырау» облысынан 13-1 есебімен ұтылса, топтағы ең әлсіз құрама саналған Солтүстік Қазақстан облысын 5-3 есебімен жеңді. Осылайша 4-інші орын алды. Егер 15 команданы бөліп жармағанда мына деңгеймен құрама 7-8-інші орыннан бір-ақ шығатын еді. Жеңілген 3 командаға қарсы біздің шабандоздар ешқандай қарсылық білдіре алмады. Мұның себебі неде? Алдымен жаттығудың дұрыс жүргізілмегені, сондай-ақ командадағы мықты жігіттердің өзге командаға кетіп жатқаны.

Мықтыларымызды жан-жаққа жоғалта берсек, аутсайдерлердің қатарынан бір-ақ шығамыз. Сондықтан жүйені өзгерту керек. Мысалы, «Әулие ата» командасына жетекшілік ететін Нұрдәулет Момынов, «Құлагер» командасының басы қасында жүрген Ғани Ахметбаев сынды азаматтардың жанашырлық ісін көріп сүйсінесің. Ең алдымен істеген кәсібіңе махаббатпен қарау керек. Сонда ғана кәсібіңнен береке табасың.

Ірі есеппен ұтылу себебін команданың жаттықтырушысы Қанат Абылбековтен сұрадық. Жалпы құрамдағы ішкі ахуалдың жай-жапсарын бапкердің өзінен білдік.

– Тараздың «Әулие атасы» мен Түркістан облысының «Құлагеріне» тең келетін команда аз. Соңғы кездері "Атырау" құрамасы да үздіктер қатарына қосылып келеді. Біріншіден, команда сапындағы шабандоздар тұрақты жалақы алатын клуб жұмыс істейді. Додаға қосатын тұлпарды ерекше баптайды. Атқа қажетті дәрумендерді беріп (алма, сәбіз, бал және т.б), түрлі екпелер салады. Ал бізде осы күнге дейін ұлттық спортқа арналған клуб немесе спорт мектебі болған жоқ. Бір ғана Түркістан облысында көкпардың қыр-сырын үйрететін үш мектеп бар, Жамбылда "Әулие ата" мен "Байзақ датқа" деп аталатын екі мектеп жұмыс істеп тұр. Екіншіден, аталған облыста кәсіпкерлердің ұлттық спортқа жанашырлығы, қамқорлығы жоғары. Тізімге "Атырау" құрамасын қосуымның себебі бар. Бүгінде батыста көкпарға қатты көңіл бөлуде. Жергілікті жерден көкпаршы шықпағанмен, елдің үздіктерін жалақы беріп, құрамаға қосқан. Біздің кешегі өткен жарыста әлсіздік танытқан тұсымыз көкпардағы жекпе-жекте есе жібердік. Жекпе-жекте мықты пырағың болмаса ұмтылғаннан еш пайда жоқ. Жекпе-жекке шығатын жылқылар кем дегенде 5 млн теңге тұрады. Кез келген қылқұйрықтың кәдеге жарай бермейтіні белгілі. Белі бекем, сирағы жуан сіңірлі, үркіп-жасқануды білмейтін жылқы баласы керек бұл додаға түскенде. Опыр-топыр болып жатқан додашыларды қақырата жарып шыққан командаласының тақымындағы серкені допша қағып алып, атқан оқтай зырқырай шабатыны да қажет. Бірақ соның бәрі табыла бермейді. Қорыта айтсам, көкпаршы балалардың тақымына татитын ат табу қиын. Табылған атты жас балаша мәпелеп, жыл бойы бағуың керек. Командада 12 шабандоз бар. Жыл басында оқу-жаттығу жиынын өткізіп, қаралымға келген 25 шабандоздың арасынан 18-ін іріктеп тізімге бекітеміз. Абылайхан Құлмағанбетұлы, Дәулет Ағайдар, Темеңгер Сағымбай сынды жастарымыз өсіп келеді. Ішкі ахуал жаман емес.

Өзге облыстың намысын қорғап жүрген жерлестеріміз баршылық. Соның бірі – Нұрлыбек Асқаров. Нұрлыбектен «Құлагерге» ауысуының себебін сұраған едік.

– Өзім кішкентайымнан ат үстіндемін. Жаңақорған ауданы, Бесарық ауылында туып-өстім. Ат жалында өскен соң халқымызбен ғасырлар бойы бірге жасасып келе жатқан өнерін жалғағың келеді. Қазіргі күні қала баласымен қатар ауыл баласы да әлжуазданып кетті, қауқары кем, қайраты аз деген пікір айтылып жатады ғой. Олай емес, білекті, жүректі балалар өртеңге өскен шөптей қаулап жетіліп келеді. Тек соларды ұлттық үрдісімізге біртабан жақындатып, халқымыздың қасиетін бойына сіңіру кемшін. Жаңақорғанда көкпар қалыптасқан. Мектеп бітірісімен құрамаға ілігіп, облыс намысын қорғап жүрдік. Көкпарға түбегейлі көңіл бөлген соң спорт шебері атағын алуды мақсат еттік. Ол үшін команда міндетті түрде жүлдегерлер қатарынан көрінуі тиіс. 1-2 орын алған команданың шабандоздары міндетті түрде спорт шебері атағым алғым келді. Біздің команданың жүлдеге қол созу жолында жолы болмады. Жеңіліс сериясы көп болғандықтан көңіл күй де түседі. Құрамда 4-5 мықты шабандоз болдық. Солардың бір-екеуі жарақат алса, команданың жағдайы күрт нашарлайды. Оның үстіне іріктеу мен жаттығу жұмыстары да біз ойлағандай өтпейді. Жаттығу жөнді жүргізілмеген соң нәтиже де жақсармайтынын біліп, Түркістанға қоныс аударуды құп көрдім. Алғашында бапкерлерім қарсылық білдіріп, ауысуыма тыйым салды. Соның салдарынан 1 жыл көкпардан алшақ кеттік. Кейіннен бапкерлерден сұранып, «Құлагерге» қосылдым. Екі команданы әрине салыстыруға келмейді. «Құлагер» – елдегі ең үздік команданың бірі. Жамбылдық «Әулие атамен» чемпиондық атақты сарапқа салады. Биыл екінші орын алдық. Енді спорт шебері деген құрметке ие болатын сәт алыс емес. «Құлагерге» ауысқалы Қазақстан құрамасына да шақырту алып жатырмын. Сүйікті ісіңмен еркін айналысуға Түркістанда мүмкіндік мол. Иппподромда көкпардың жылқылары жетерлік. Бағасы 20 млн тұратын жылқыларды көрген сәтте көкпарға махаббатың одан әрі ашылады. Еліміздегі №1 Намыскөк жылқысы біздің «Құлагерге» тиесілі.

Қызылорда облысының көкпарына жауапты Исламбек Боранбаев мемлекеттік сатып алу салдарынан көкпардың дамуы тежеліп тұрғанын жеткізді.

– Елдегі заңға сәйкес қазір бір пырақ алатын болсақ, мемлекеттік тапсырыспен келетіні белгілі. Әкімдік тарапынан көкпарға деген қолдау ерекше. Тек мемлекеттік сатып алу жолымызға кішкене тосқауыл қоюда. Өйткені тапсырысты ұтып алғандардың алып келген дүниесіне көңіл толмайды. Мысалы, 2019 жылы 12 жылқыны тапсырыспен алдық. Алматы қаласынан келген жылқылар біздің өңірге жерсінбей қиындық тудырды. Бұрын соңды көкпар көрмеген сәйгүліктер біздің спорттан бейхабар болды. Сондықтан біраз уақытымыз жылқы баптаумен кетті. Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында 2018 жылы 8 жылқы берілді. Қазір 20 жылқыны бағып-қағып жатырмыз. 12 шабандоздың 11-і 85 мың теңгеден шәкіртақы алады. 18 жасқа толған көкпаршыларды ұстап тұра алмаймыз. Әркімнің өз қалауы болады. Басқа командаға ауысқысы келетіндерді қошеметпен шығарып саламыз. Әрине, мықтыны біз де жібергіміз келмейді. Бірақ шабандоздың өз еркіне саламыз. Жалпы аймақта тек Жаңақорған ауданы ғана көкпармен айналысқаны дұрыс емес. Барлық аудандарда ұлттық спорт мектебінің филиалдарын ашу керек. Сонда ғана ұлттық спорттың шоқтығы биік болады.

Әуесқой көкпаршы Дамир Серікұлы да жастардың көкпарға қызығушылығы төмендеп бара жатқанын жеткізді.

– Ең алдымен ұлттық спорттың жарнамасы мүлде жоқ деуге болады. Сондықтан жастар жамбы ату, теңге ілу, аударыспақ деген спорттың барын да білмейді. Қазір спорт былай тұрсын ат үстінде жүрген замандастарымды көрсем қуанамын. Себебі ат спортына деген қызығушылық жоқтың қасы. Неге? Өйткені біздің облыста тек Жаңақорғанға ғана көңіл бөле береді. Қалған аудандарда, мектеп былай тұрсын, қазандығы бар ипподром да жоқ. Облыс біріншілігін қарасақ, Жаңақорған, Шиелі, Жалағаш, Сырдария аудандары ғана белсенділік танытады. Ат спортынан хабары бар үлкендерге қолға алайық десең, «Бізде Жаңақорған ауданы секілді қаржы бөлінбейді, тегін дүние қайдан оңсын? Одан да жұмысымды істеп, отбасымды асыраған дұрыс» дейді. Сондықтан барлығына бірдей көзқараспен қараса, ауыл аймақта ат спортының мәртебесін көтеретіндер шығады.

Расында қазір Қамбар атаның қасиетін ұлттық спортқа емес, біздің өңірде соғымға пайдаланып жүр. Көкпаршылардың айтуына қарағанда, ұлттық өнерді ұлықтау жағы сын көтермейді. Өздерінің ұсыныстары да бар. Мәселен, Жаңақорған ауданынан бөлек өзге аудандық спорт бөліміне тым құрығанда бір штат бөлініп, жалғыз көкпар ғана емес, Алашқа тән бар спортты дамытуға ықпал етсе дейді. Әйтпесе өз өнеріміз өгей болатындай, кенже қалатындай заман емес қой.

QAJYMUQAN – 150

БАТЫР ЖАЙЛЫ ТЫҢ ДЕРЕК



Биыл палуан-батырымыз Қажымұқан Мұңайтпасовтың 150 жылдық мерейтойы. Оқырмандар үшін жауырыны жер иіскемеген батырымыз жайлы қызықты деректер жинадық. Бұл ақпаратты әр қазақ баласы және күрес жанкүйерлері білуге тиіс.

Қажымұқан жайлы он дерек:

1. Қара күштің иесі атанған батыр бабамыз теңдессіз өнерімен жер шарының 54 мемлекетін аралап, 48 медаль олжалаған екен. XX ғасырдың басында түркі халықтарының ішінде Қажымұқандай мықты тек қазақта ғана болды. Мен деген небір мықты балуандардың мысы басылып, тауы шағылды. Қажымұқанның күрес қожайындарының, төрешілердің сан мәрте әділетсіздігіне белі бүгілмеді, еңсесі түспеді.

2. Алып күш иесінің тұңғыш рет әлемдік деңгейдегі көрінген шағы 1906 жыл еді. Алманиядағы дүниежүзілік сайыста әлем чемпионы атанды. Сол кездегі саясаттың салдарынан ол орыс палуандарының атынан күресуге мәжбүр болды. Оған түрлі лақап аттар берілді.

3. Бірде Қажымұқанды «Ямагата Мухунури» десе, енді бірде Мухан, «Иван Чёрный» деп атаған. Ал, 1909 жылғы халықаралық палуандар жарысына ол «Қара Мұстафа» деген атпен шыққан. Сөйтіп бүкіл дүние жүзіне Мұқанның неше түрлі лақап аттары тарай бастады.

4.Патша үкіметі құлаған соң, палуанның отбасы азамат соғысы мен аштықтың салдарынан біраз сергелдеңге тап болды.

5.1937 жылы Қажымұқанның ізіне түсіп, «Бұл патшаның адамы, оның қолынан медаль алған, сыйлық алған сыбайласы» деп қудалауға ұшыратады. Сол себепті Қажымұқан отбасын тастап, Түркістан мен Өзбекстанда бас сауғалайды.

6. Өмірінің соңғы кезеңін Түркістан жерінде өткізді. Бүгінде Темірланда палуанға арналған ескерткіш пен музей бар.

7. Ол өмірінің соңғы жылдары жасы 70-тен асса да ел аралап, цирк өнерін көрсетіп, жиналған 100 мың сомға майдан үшін деп ұшақ сатып әпереді.

8.Сталин Қажымұқанның осы ерлігі үшін арнайы марапат қағазын жібереді.

9. Ақмола өңірінен шығып, сонау Америка құрлығы мен Европаны бағындырған палуанның есімі тарихта қалды.

10. Қазақ қаламгерлерінің бәрі Қажымұқан туралы қалам тербеп, палуан жайлы бірнеше кітаптар жазды. Өмірінің 55 жылын күрес пен цирк өнеріне арнаған бабамыздың бейіті Оңтүстік Қазақстан облысында жатыр.

Бетті дайындаған Ерасыл ШӘРІБЕК

TÁÝELSIZDIK QARLYǴASHTARY

Мейірбек СҰЛТАНХАН, айтыскер ақын, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері:

Эфирден берілген айтыстарды жинақтау қызықсыз

Бүгінде шиелілік Мейірбек Сұлтанханды танымайтын адам кемде-кем. Айтыстың сахнасында танылған сөз шебері, суырып салма айтыстың үздік қыраны қонған тұғыр да осал емес. Мәселен, ол «Ақ сөйле» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған «Оттан да ыстық Отаным» атты облыстық ақындар айтысында бас жүлде, 2006 жылы Ел Тәуелсіздігінің 15 жылдығына арналған Жалағаш ауданында өткен «Тәуелсіз елім – өз елім» атты облыстық ақындар айтысының І орын және Қызылорда қаласында Кеңес Одағының Батыры Т.Көмекбаевтың 110 жылдық мерейтойына арналған «Сыр қыраны» атты облыстық ақындар айтысының бас жүлдегері, Ақмола облысы Аққөл ауданының 80 жылдық мерейтойына байланысты өткен республикалық айтыста бас жүлде, Талдықорған қаласында өткен «Жыр алыбы – Жамбыл» атты республикалық жас ақындар айтысында бас жүлде (2009), Елордада Тәуелсіздіктің 21 жылдығына арналған «Біздің ел осындай» атты республикалық ақындар айтысында І орын (2012) иеленді.

– Баланың қабілеті, ынтасы мектептен танылатыны бәрімізге белгілі. Мен кішкентайымнан айтысқа құмар болдым, тіпті екінші сынып оқып жүргенде «Хабар» арнасынан беретін айтысты үзбей көретінмін. Мектептегі бір қызық жағдай, бастауыш сыныпта анам сынып жетекшім болды. Ал сахнадағы ең алғашқы қадамым Жаңа жылға арналған концерттік бағдарламадан басталды. Үшінші сыныпта оқитын кезіміз. Сценарийде екі оқушының айтысы бар, яғни Ақтөре сыныптасым екеуміз дайын мәтінді жатқа айтуымыз керек. Бірақ мен дайын мәтіннің екі шумағынан соң, ойдан тағы біраз өлең жолын қосқаным есімде. Міне, сол кезден бастап өнерге деген ынтам біліне бастады. Ең алғаш айтыс сахнасына келіп, үлкен ақындармен танысуыма себепкер – ұстазым, мәдениет қайраткері, Нартай әндерін насихаттаушы, марқұм Құрманбек Бекпейісов ағамыз еді. Сол кісінің жанында сырнай үйреніп, жыр кештеріне де қатыстым. Бірақ сырнайды кәсіби түрде үйренбедім. Кейін айтысқа түбегейлі бет бұрған соң, сырнайдан қол шығып қалды. Қазір біраз үйренсем, қайта еске түсіруге болатын шығар. Өйткені осыдан 4-5 жыл бұрын қайта сырнай тартуға талпынып көргенмін, – дейді айтыскер.

Жүрекке өлең келсе,
Өшпейді ол өле-өлгенше
Апырау, не құдірет,
Ақындық деген нәрсе.

Шайырдан күй қашуы,
Шабыттан ұйқы ашуы.
Сөздердің дұрыс бітіп,
Сөйлемнің ұйқасуы.
Атанып сахи жұртқа,
У дәмі татиды ұртта.
Атқарып ардың ісін,
Аттану бақилыққа, – деп

шырқайтын ақынның бүгінде өзіндік орны бар. Үлкен сахнаға шыққанына көп уақыт болмаса да елдің сүйікті ұлы атанып үлгерді. Сахнада ән айтып, би билеу оңай шығар. Ал қолына домбыра ұстап, екі ауыз сөз құрап шығу қиынның-қиыны. Ал "мықты" деген ақынмен тең түссеңіз, сынала беріңіз деген сол шығар.

– Ғаламтордағы «қиылмаған» айтыстың көпшілігінің сапасы нашар. Басым бөлігі әуесқой түсірілім мен аудиожазбалар ғана. Ал сапалы арна түсірген айтыстар, жоғарыда айтқандай, қырқылған. Түпнұсқасы өзіміздің де қолымызда жоқ. Алдағы уақытта айтыстағы сәттерді жинақтап, бейнежинақ шығарғым келеді. Бірақ эфирден берілген айтыстарды жинақтау қызықсыз. Биыл біршама ақын өзінің айтыстағы жыр-шумағын хатқа түсіріп, кітапқа басты. Өйткені айтысты You tube-тан қиындықсыз көруге қарағанда, кітаптан оқудың әсері бөлек. Өзім ғаламтордан Манап Көкенов, Көкбай Омаров, Махамбетқали Тұрсановтың ретро-айтысын қарағанды жақсы көремін.

Жерлесіміздің "Қызылорда" десе елең ете қалатыны белгілі. Ол өзінің бір сұхбатында бұл туралы да айтып өткен. Мәселен, "Астаналық ақын деп шығаратыны рас. Жүрсін ағама: «Қызылордалық ақын деп шығарыңызшы» дедім. Астананың атынан шығатын ақын көп. Астана – маған бөтен емес. Төрт жыл сонда білім алдым. Ал Қызылорданың атынан шықсам, елдегі ағайынның, жерлестерімнің де мерейі артады. Астанада жүрсем де, Сырдың атынан шыққанды қалайтыным сондықтан" – деген сөзінің өзі туған жерге деген ықыласын білдірсе керек.

Оскар 2021: Жеңімпаздар кім?

Лос-Анджелесте 93-інші "Оскар" сыйлығы үздіктерін анықтау рәсімі өтті. Биыл да былтырғы сценарий қайталанды. 2021 жылы "Оскардың" басты фильмі ретінде Хлоя Чжаоның "Көшпенділер мекені" (Nomadland) фильмі аталды. Ол бірден үш "Оскарға" ("Үздік фильм", "Үздік режиссер", "Үздік актриса") ие болды.

Фильм алпыс жастан асқан американдық әйел туралы. Ол жұмысынан айырылғаннан кейін бәрін тастап, көшпенді салтын ұстанып, шағын фургонында өмір сүреді.

Хлоя Чжао академияға марапат үшін және биылғы үміткерлерге, сондай-ақ түсірілімге қатысқан кейбір нақты көшпенділерге алғыс білдірді.

"Бізге күш, төзімділік пен үмітті үйретіп, нағыз мейірімділіктің қандай болатынын ескерткеніңіз үшін рақмет", – деді режиссер фильмде ойнаған нағыз көшпенділер қауымына.

Энтони Хопкинс "Әке" рөлі үшін "Үздік актер" атанды. Бұл Хопкинстің мансабындағы екінші «Оскар». Ол өзінің алғашқы сыйлығын "Қозылардың үнсіздігі" фильміндегі маньяк рөлі үшін алған болатын. 83 жастағы валлийлік актер салтанатты шараға қатыса алмады, сондықтан актер Хоакин Феникс оны сыйлығын Хопкинс атынан алды.

"Үздік анимациялық фильм" номинациясы бойынша Pixar-дың "Жан" (Soul) мультфильмі үздік шықты. Ол сондай-ақ "Үздік музыка" үшін де марапатқа ие болды.

"Екінші пландағы үздік актер" номинациясының жеңімпазы "Иуда мен Қара Мессия" фильміндегі рөлі үшін 32 жастағы Даниэль Калууя атанды.

Биографиялық драмада ол "Қара пантералар" радикалды ұйымының жетекшісі Фред Хэмптонның рөлін ойнады. Бұған дейін сол фильмдегі рөлі үшін актер "Алтын Глобус" сыйлығымен, "Американың актерлер Гильдиясымен" және "BAFTA Британ" академиясымен марапатталған.

73 жастағы оңтүстік кореялық актриса Юн Ен-Джун "Екінші пландағы үздік әйел рөлі" номинациясы бойынша жеңімпаз атанды.

Ли Исаак Чунның "Минари" фильміндегі Санджидің әжесінің рөлі

актрисаға табыс әкелді. Фильмнің сюжеті оңтүстік кореялық отбасының Америкаға көшуі туралы оқиғаға негізделген.

Оскар мүсінін оған актер Брэд Питт сыйлады. Марапаттау рәсімінде актриса Юн Йон Джон залдағы қонақтарды күлкіге қарық қылды. Ол сыйлықты ала тұрып сөзін: "Ақыры мен Брэд Питті көрдім" деп бастады.

"Үздік шетел фильмі" номинациясы бойынша "Оскар" Томас Винтербергтің "Жаппай ішу" комедиялық-драмалық фильміне бұйырды. Фильм адам қанындағы алкогольдің тұрақты жетіспеушілігі теориясын тексеруге бел буған төрт дос туралы баяндайды.

"Үздік визуалды эффекттер" номинациясы бойынша "Оскарды" Кристофер Ноланның "Доводы" иеленді.

"Үздік деректі фильм" жеңімпазы – Netflix Original-дің "Менің сегізаяқты мұғалімім" фильмінің режиссерлері Пиппа Эрлих пен Джеймс Рид болды. Басты рөлді осы фильмнің продюсері Крейг Фостер ойнаған. Фильмді түсіруге он жыл уақыт кеткен екен.

Эмиральд Феннелл "Үздік сценарий" сыйлығын "Үміт қызы" дебют фильмі үшін алды. Бұл картинаның басты кейіпкері зорлаудың құрбаны болған жақын досының кегін алғысы келеді. Феннелл фильм 23 күнде түсірілгенін айтты.

"Үздік саундтрек" әнші H.E.R.-дің "Иуда және Қара Мессия" фильміндегі Fight for You әні деп танылды. Әнші H.E.R 2020 жылы Джордж Флойдты өлтіруде әнұранға айналған "Мен тыныс ала алмаймын" ("I Can't Breathe") әнін де жазған. Айта кетейік, коронавирус инфекциясына байланысты кейінге шегерілген "93-Оскар" сыйлығына ұсынылған фильмдер мен актерлар наурыз айында белгілі болған еді.

Режиссер Хлоя Чжаоның "Көшпенділер елі", (Nomadland, Флориан Зеллердің "Әке" (The Father), Дэвид Финчердің "Манк" (Mank), Шаки Кингтің "Иуда және Қара Мессиа" (Judas and the Black Messiah), Ли Айзек Чунның "Минареи" (Minari) , Эмиральд Феннельдің "Үміт қызы" (Emerald Fennell), Дариус Мардердің "Металл дыбысы" (The Sound of Metal), Аарон Соркиннің "Чикаго жетілігін соттау" (The Trial of the Chicago 7) фильмдері "Үздік фильм" номинациясына ие болды.

Хлоя Чжао, Эмиральд Феннель, Томас Винтерберг, Дэвид Финчер және Ли Айзек Чун "үздік режиссер" номинациясы бойынша бақ сынады.

"Үздік актер" номинациясына Энтони Хопкинс ("Әке"), Риз Ахмад ("Металл дыбысы"), Гари Олдман ("Манк"), Стивен Анн ("Минари") және қайтыс болғаннан кейін Чедвик Боузман ұсынылды.

"Үздік актриса" номинанттарының тізіміне Фрэнсис Макдорман, Ванесса Кирби, Кэри Маллиган, Виола Дэвис және Андра Дэй енді.

JULDYZ – JORAMAL

(29 сәуір - 5 мамыр)

ТОҚТЫ

Жақын арада тауға саяхаттайсыз, қыдырасыз. Дегенмен сәл қиындық туындауы мүмкін. Берілмей, істі соңына дейін жеткізсеңіз, бәрі сіз жоспарлағандай болады. Өзіңіз білмейтін белгісіз қырыңызды ашуыңыз мүмкін. Соны тұншықтырып алмаңыз.

ТОРПАҚ

Жинақылық, жауапкершілік сізге серік болады. Бірақ көңіл көтеруді жақсы көретін жандар өзін көп нәрседен тыяды. Есесіне, еңбегіңіздің жемісін көресіз. Одан бөлек, кәсібіңіз біршама уақыт қаржымен қамтамасыз етеді. Мол пайда түседі.

ЕГІЗДЕР

Бар назарыңызды жұмысқа бөліп, қарым-қатынасқа келгенде тұйықталып қалдыңыз. Өзгеріс енгізіп, аптаны достарыңыз бен отбасыңызға арнаңыз. Бірақ кез келген адамға ашыла бермеген жөн. Аптада көп шығындаласыз. Жаңа дизайнерлік киім, жиһаз бен техникалар сатып аласыз. Бірақ шығындалу жаңа табыс көзін іздеуіңізге бастама болады.

ШАЯН

Мақсат қоя білу, кез келген істі тез меңгеру беделіңізді арттырады. Аптада барлық істі аяқтау жеткіліксіз көрінеді. Бірақ уайымдаудың қажеті жоқ. Өйткені бұл аптада сәттілік сіздің жағыңызда. Барлық сала бойынша жолыңыз болғалы тұр.

АРЫСТАН

Жұлдыздар асықпай шешім қабылдауға кеңес береді. Шынайы мүмкіндікті дер кезінде аңғармасаңыз, сіз үшін қиын болуы мүмкін. Өзіңіздің стиліңіз бен имиджіңізді өзгертіңіз. Сонымен бірге жұмыс ауыстырып, бөтен аймаққа көшіп кетуіңіз де мүмкін. Шешім қабылдамай, ұзақ жүріп алудан сақ болыңыз. Өйткені бұл күйзеліске соқтырады.

БИКЕШ

Асықпай жоспар құрып, әр кезеңнен кезеңге салмақты түрде адымдайсыз. Аналитикалық ойлау қабілетіңіз бен ішкі түйсігіңіз ешқашан алдамайды. Сізге дұрыс жол сілтейді. Жақын жандардың қасында болғаныңыз дұрыс.

ТАРАЗЫ

Өміріңіз жаңа таныстармен толығады, жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады. Апта сізге керемет эмоциялар сыйлайды. Біреуге қатты ғашық болуыңыз мүмкін. Бірақ бұл ғашықтық сіздің өз міндеттеріңізді ұмыттырады. Дер кезінде өзіңізді қолға алмасаңыз, қиындыққа тап болуыңыз әбден мүмкін.

САРЫШАЯН

Кез келген істі ойланып қолға алған дұрыс. Асығыс шешім шығынға алып келеді. Бұл тоқтап қалудың белгісі емес. Керісінше, алға жылжыған сайын жолыңыз анығырақ бола түседі. Достарыңызға көңіл бөлуді ұмытпаған жөн. Кажетті энергияны айналаңыздағы адамдар береді.

МЕРГЕН

Жоспарыңыз сіз ойлағаннан да жылдам іске асады. Бірақ келер апта кішкене кідіруге тура келеді. Қалыпты жағдайдан ауытқитын сәттер жиі кездеседі. Бұл уақыт тәжірибеңізді қолдануға, өзіңізді тануға мүмкіндік береді.

ТАУЕШКІ

Жыл басталған сәттен-ақ сатқындық пен алдаудың құрбаны боласыз. Бірақ сіз оңайлықпен берілмейсіз. Алдағы апта жаңадан тәжірибе жинақтайсыз. Тың нәрсемен танысу үшін жаңа білім көзін іздеуге тура келеді.

СУҚҰЙҒЫШ

Алдағы апта сіз үшін түрлі сынаққа толы болады. Әріптестеріңізбен арада түсініспеушілік және қаржы қиындықтары орын алады. Бірақ ашық-жарқын жандар бұдан бір жолын тауып шығады. Кез келген құмар ойыннан аулақ болған жөн. Өйткені құмар ойыннан дер кезінде тоқтау өте қиын.

БАЛЫҚТАР

Кейінге шегеріп жүрген жұмысты іске асыратын уақыт келді. Әр қадамды сенімді түрде басқан абзал. Достың сатқындығын елемеу мүмкін емес. Абай болыңыз. Аптада қызметіңіз жоғарылауы мүмкін. Сізге артылатын сенім де жоғары болмақ. Сәттілік серігіңіз болсын.

Кезекші редактор: А.ӘЛІШЕРОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айжан АБДУЛЛАЕВА

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastarygmail.com
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8516
Тапсырыс: 610